

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 маусымдағы № 821 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» **бағдарламасы** бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар, Қаржы, Экономикалық даму және сауда, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, «Самұрық-Қазына» үлттік әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындастырын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулыға **косымшага** сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 21 маусымдағы
№ 821 **қаулысымен**
бекітілген

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын іске асыру мақсатында
Бағдарламаны әзірлеуге және іске асыруға жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі
Мақсаты	Халықтың тұрғын үйге колжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылышын дамыту проблемаларын кешенді тұрде шешу
Міндеттері	Толыққанды тенгерімді тұрғын үй құрылышы нарығын жасау; тұрғын үй құрылышына жеке инвестилярды тарту және мемлекеттік жеке меншік еріптестікті ынталандыру; тұрғын үй құрылышы салынатын аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту; жеке тұрғын үй құрылышын дамыту; авариялық тұрғын үйлерді бұзу мәселесін шешу; азаматтардың коммерциялық емес бірлестіктерінің, оның ішінде тұрғын үй құрылыш кооперативтерінің, сондай-ақ жеке құрылыш салушылардың тұрғын үй салуын қолдау; Қазақстан Республикасында құрылыш индустриясын дамыту
Іске асыру мерзімдері	2012 - 2020 жылдар
Нысаналы индикаторлар	2012 - 2020 жылдары жалпы алаңы 69050,0 мың шаршы метр, оның ішінде 2012 жылғы - 6050,0 мың шаршы метр, 2013 жылғы - 6600,0 мың шаршы метр, 2014 жылғы - 6900,0 мың шаршы метр, 2015 жылғы - 7200,0 мың шаршы метр, 2016 жылғы - 7600,0 мың шаршы метр, 2017 жылғы - 7700,0 мың шаршы метр, 2018 жылғы - 8000,0 мың шаршы метр, 2019 жылғы - 9000,0 мың шаршы метр, 2020 жылғы - 10000,0 мың шаршы метр тұрғын үй

салу

Каржыландыру көздері және
көлемі

1. Бюджеттен шығын қажеттілігі мынаны құрайды:
1951454 миллион теңге (бұдан әрі - млн. теңге), оның ішінде 2012 жылы - 146200 млн. теңге, 2013 жылы - 197900 млн. теңге, 2014 жылы - 250750 млн. теңге, 2015 жылы - 232963 млн. теңге, 2016 жылы - 241741 млн. теңге, 2017 жылы - 212200 млн. теңге, 2018 жылы - 216000 млн. теңге, 2019 жылы - 220500 млн. теңге, 2020 жылы - 233200 млн. теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредит беру - 437200 млн. теңге, оның ішінде:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына жылдық 0,01 % ставка бойынша тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үй жобалауға, салуга және (немесе) сатып алуға - 375000 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 42400 млн. теңге, 2013 жылы - 34600 млн. теңге, 2014 жылы - 35000 млн. теңге, 2015 жылы - 37000 млн. теңге, 2016 жылы - 40000 млн. теңге, 2017 жылы - 42000 млн. теңге, 2018 жылы - 45000 млн. теңге, 2019 жылы - 48000 млн. теңге, 2020 жылы - 51000 млн. теңге;

Астана қаласының жергілікті атқарушы органына жылдық 0,01 % ставка бойынша авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шенберінде тұрғын үй жобалауға және салуга - 40000 млн. теңге, оның ішінде 2013 жылы - 20000 млн. теңге, 2014 жылы - 20000 млн. теңге;

Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органына жылдық 0,01 % ставка бойынша авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шенберінде тұрғын үй жобалауға және салуга - 10000 млн. теңге, оның ішінде 2013 жылы - 5000 млн. теңге, 2014 жылы - 5000 млн. теңге;

2012 жылы «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» акционерлік қоғамын жылдық 1 % ставка бойынша 12200 млн. теңге;

нысаналы трансфертер - 1514254 млн. теңге, оның ішінде: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына әкімдіктерде кезекте тұрған азаматтар үшін жалға берілетін үйлерді жобалауға, салуга және (немесе) жеке құрылыш салушылардан сатып алуға - 263600 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 19600 млн. теңге, 2013 жылы - 25000 млн. теңге, 2014 жылы - 25000 млн. теңге, 2015 жылы - 27000 млн. теңге, 2016 жылы - 30000 млн. теңге, 2017 жылы - 31000 млн. теңге, 2018 жылы - 33000 млн. теңге, 2019 жылы - 35000 млн. теңге, 2020 жылы - 38000 млн. теңге;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй жобалауға, салуга және (немесе) сатып алуға және оны тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесі арқылы сатуға - 210000 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 15000 млн. теңге, 2013 жылы - 15000 млн. теңге, 2014 жылы - 20000 млн. теңге, 2015 жылы - 23000 млн. теңге, 2016 жылы - 24000 млн. теңге, 2017 жылы - 26000 млн. теңге, 2018 жылы - 27000 млн. теңге, 2019 жылы - 29000 млн. теңге, 2020 жылы - 31000 млн. теңге;

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға және (немесе) жеке құрылыш салушылардан сатып алуға - 811000 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 51000 млн. теңге, 2013 жылы - 60000 млн. теңге, 2014 - 2020 жылдары жыл сайын 100000 млн. теңге;

Алматы облысында Алматы қаласының төрт серіктес қаласын дамыту жөнінде алдын ала жұмыстар жүргізу - 73500 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 4000 млн. теңге, 2013 жылы - 10100 млн. теңге, 2014 жылы - 9100 млн. теңге, 2015 жылы - 9300 млн. теңге, 2016 жылы - 9100 млн. теңге,

2017 жылы - 9700 млн. тенге, 2018 жылы - 7500 млн. тенге, 2019 жылы - 5000 млн. тенге, 2020 жылы - 9700 млн. тенге;

Алматы облысында Алматы қаласының бесінші «Алтын сайдың» серіктес қаласын дамыту жөнінде алдын ала жұмыстар жүргізуге - 19500 млн. тенге, оның ішінде 2013 жылы - 900 млн. тенге, 2014 жылы - 6200 млн. тенге, 2015 жылы - 6200 млн. тенге, 2016 жылы - 6200 млн. тенге;

Ақмола облысында Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы селосын дамыту жөнінде алдын ала жұмыстар жүргізуге - 28900 млн. тенге, оның ішінде 2012 жылы - 2000 млн. тенге, 2013 жылы - 2300 млн. тенге, 2014 жылы - 4200 млн. тенге, 2015 жылы - 2900 млн. тенге, 2016 жылы - 3500 млн. тенге, 2017 жылы - 3500 млн. тенге, 2018 жылы - 3500 млн. тенге, 2019 жылы - 3500 млн. тенге, 2020 жылы - 3500 млн. тенге;

жалға берілетін тұрғын үй салу үшін «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйым» АҚ-ның жарғылық капиталын ұлттық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істеге, оның ішінде 2013 жылы - 25000 млн. тенге, 2014 жылы - 26250 млн. тенге, 2015 жылы - 27563 млн. тенге, 2016 жылы - 28941 млн. тенге.

2. Тұрғын үй салу үшін «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ-тың кредиттік қаражатын және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану көзделіп отыр: 2013 жылы - 39 621 млн. тенге, 2014 жылы - 59 432 млн. тенге.

Бағдарламаны 2012 - 2020 жылдары қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланатын болады.

Ескертпе: абревиатуралардың толық жазылуы

ҚРУ - Қазақстан Республикасының Үкіметі;

ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі;

ИЖТМ - Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі;

Каржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі;

ҚР ҰБ - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі;

ҚТҰША - Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істеге агенттігі;

ЖАО - жергілікті атқарушы органдар;

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ - «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

ҚТҚЖБ - «Қазақстанның тұрғын үй құрылыш жинақ банкі» акционерлік қоғамы;

«ҚИҚ» ИҰ» АҚ - «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйым» акционерлік қоғамы;

«Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ - «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы;

ЖТК - жеке тұрғын үй құрылышы;

ӘКК - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация;

ҚР ҚНЖЕ - Қазақстан Республикасының Құрылыш нормалары және ережелері;

ТҚҚ - тұрғын үй құрылышы кооперативтері;

Құрылыш салушы - тұрғын үй салуды жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен жер учаскесі берілген зандау тұлға.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдары ішінде тұрғын үй құрылышы Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып танылды және жалпыұлттық сипаттағы ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Екі мыңыншы жылдардың ортасынан бастап Қазақстан Республикасының Үкіметі тұрғын үй құрылышын дамыту бойынша бірқатар құжаттарды қабылдады, олардың ішіндегі негізгілері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы № 1388 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылышын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламасы** (бұдан әрі - 2005 - 2007 жылдардағы бағдарлама);

2) Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 - 2010 жылдарға арналған **мемлекеттік бағдарламасы** (бұдан әрі - 2008 - 2010 жылдардағы мемлекеттік бағдарлама);

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1004 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасы**;

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасы** (бұдан ері - 2011 - 2014 жылдардағы бағдарлама).

2005 - 2007 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттары тұрғын үйдің құнын арзандату арқылы халықтың қалың жігіт үшін қолжетімді тұрғын үй құрылышының тұрақты есү қарқының қамтамасыз ету, тұрғын үйге кредит беру мерзімдерін ұзарту, кредит берудің бастапқы жарнасы мен ставкаларын азайту болып табылады.

2005- 2007 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаны іске асыру орта тап пен халықтың әлеуеттік қорғалған жігіт үшін тұрғын үй салуды ынталандыруға: азаматтардың басым құқық берілген санаттары (балалары бар жас отбасылары, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметкерлері және әлеуметтік саланың мемлекеттік кәсіпорындары қызметкерлері) үшін мемлекеттік қаржат есебінен сату құны бір шаршы метр үшін 56515 теңgeden аспайтын коммуналдық және қолжетімді тұрғын үй салуга, сондай-ақ жеке тұрғын үй құрылышын дамытуға, жеке капитал инвестицияларын тарту есебінен тұрғын үй салуга бағытталған шараларды қабылдау арқылы жүзеге асырылды.

2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның шенберінде Ипотекалық кредит берудің арнағы бағдарламасы өзірленді және ипотекалық кредит берудің мынадай мақсатты шарттарына кол жеткізілді:

- 1) сыйакы ставкасының көлемі - 10 %;
- 2) бастапқы жарна көлемі - 10 %;
- 3) ипотекалық кредит мерзімі - 20 жыл.

Тұрғын үй құрылышын дамыту проблемаларын кешенді шешу мақсатында республикада жер участекелерін беру рәсімдерін жетілдіруге және тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарды инженерлік коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс жүргізілді.

2006 - 2007 жылдары инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға жергілікті атқарушы органдардың бюджеттеріне 50,5 млрд. теңге сомасында нысаналы трансфертер бөлінді. Нәтижесінде 3,3 мың км инженерлік желі салынды. Бұдан басқа, көптеген өнірлерде трансформаторлық қосалқы станциялар, күш трансформаторлары, жылу камералары, шаруашылық-нәжістік көріз коллекторлары, сорғы станциялары пайдалануға берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 1 тамыздағы № 726 **қаулысымен** жер участекелерін бөлудің женілдетілген тәртібін көздейтін Жеке тұрғын үй құрылышы үшін жер участекелеріне құқық беру ережесі бекітілді.

2005 жылғы 1 қантардан бастап 221594 участке бөлінді, оның ішінде жас отбасыларына 59599 участке (33 %), мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне - 13942 (28 %), әлеуметтік сала кәсіпорындарының қызметкерлеріне - 30874 (35 %) бөлінді.

2005 - 2007 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаның шенберінде өткізілген іс-шаралардың арқасында тұрғын үй құрылышының қарқыны өсті, инвестиция үшін тұрғын үй құрылышының тартымдылығын арттыратын жағдай және қолжетімді тұрғын үй салу, кейін басым құқық берілген азаматтарға сату үшін жергілікті атқарушы органдарға кредит беру тетігі жасалды, ипотекалық кредит беру күралдары, тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесі, ипотекалық кредиттерге кепілдік беру жүйесі пайдаланылды, коммуналдық тұрғын үй салу қайтадан басталды.

Қазақстан Республикасының мынадай зандары қабылданды:

1) тұрғын үйдің жалдау секторын дамыту үшін жағдай жасауды көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне тұрғын үйдің жалға берілетін секторын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі № 182 **Зан**.

Осы Зан республикада жалға берілетін үйлердің құқықтық мәртебесін, жалдау шартын, жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үйді жалдау тетігін, жалға берілетін тұрғын үй құрылышын салықтық ынталандыруды белгілейді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлік қорларының құқықтық ережесін, жұмыс істеу ерекшелігін айқындауды;

2) Тұрғын үй құрылышына үлестік катысу туралы шарт тараптарының құқықтары мен занды мүдделерін қорғау кепілдігін белгілейтін, «Тұрғын үй құрылышына үлестік катысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдеде № 180 **Зан**.

2005 - 2007 жылдары қаржыландырудың барлық көздері бойынша тұрғын үй құрылышына 1113 млрд. теңге инвестиция жұмсалды.

2005 - 2007 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша 15,8 млн. шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланған, іс жүзінде жалпы алаңы 17,9 млн. шаршы метр тұрғын үй іске қосылды (жария етумен - 19,3 млн. шаршы метр), тапсырманы асыра орындау 13 % (жария етумен - 22 %).

Сонымен, 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама өзінің тұрғын үй құрылышын ынталандыруды деген негізгі міндеттін орындағы.

2008 - 2010 жылдардағы мемлекеттік бағдарламадада аз қамтамасыз етілген азаматтарды және басым құқық берілген санатқа жататын азаматтарды тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метрі үшін 56515 теңге деген бағада тұрғын үймен қамтамасыз етуге басты назар аударылды.

Азаматтардың көпшілігіндегі бастапқы жарнаны төлеуге қаражат жоқ екенін ескере отырып, оларға кредит беру тұрғын үй құрылышы жинақтары жүйесі арқылы алдын ала қарыздарды пайдаланып жүзеге асырылып жатыр.

Сонымен қатар, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен коммуналдық (жалға берілетін) тұрғын үй және тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу жалғасып жатыр.

Бұдан басқа, Алматы облысында Алматы қаласының төрт серіктес қаласын және Ақмола облысында Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Қосшы селосын дамыту жөніндегі алдын ала жұмыстар басталды.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестікті ынталандыру үшін тұрғын үй құрылышында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияны пайдалану көзделген.

2008 - 2010 жылдардағы мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша 19,3 млн. шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланған, іс жүзінде жалпы алаңы 19,7 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе жоспардың 102 % пайдалануға берілді.

2008 - 2010 жылдары тұрғын үйді іске қосу жоспары орындалғанына қарамастан, дүниежүзілік қаржы дағдарысы тұрғын үй құрылышына да, ең алдымен үлескерлер катысқан құрылышқа да әсер етті.

Үкімет әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар **жоспарын** бекіткен болатын, оған еліміздің ипотекалық нарығында тұрақтылықты қамтамасыз ету, үлескерлердің құқықтарын корғау және құрылышы объектілерін аяқтау жөніндегі шаралар кірді.

Үлескерлердің қолдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі үлестік құрылышты 263,4 млрд. теңге сомасында бюджеттік қаржыландыру бойынша кешенді шаралар кабылдады (01.01.2011 жылғы жағдай).

Нәтижесінде, егер 2007 жылғы 4-тоқсанда, дүниежүзілік дағдарыс басталған сәтте республикада 450 тұрғын үй кешені (62889 үлескер) салынып жатса, енді 2011 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 58 объектіні (13650 үлескер) салып бітіру қажет болды.

Бюджет қаражатын үлестік құрылышқа құю - бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің алдын алу қажеттілігінен туындаған бір жолғы акция екенін атап өтү керек.

Үлестік құрылышта өзара қатынастарды реттеу үшін одан әрі бюджеттік шығындарға жол бермейтін жүйелі шара ретінде үлестік құрылышты регламенттейтін қолданыстағы заннама қатаандатылды - 2009 жылғы 11 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заннамалық актілеріне тұрғын үй құрылышына үлестік қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының **Заны** кабылданды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шаралардың арқасында коммерциялық тұрғын үй объектілерінің құрылышы аяқталды, бұл 2008 - 2010 жылдары жеке меншік нысанындағы кәсіпорындардың тұрғын үйді іске қосу карқынының есүін қамтамасыз етті.

2011 жылдан бастап тұрғын үй құрылышын одан әрі дамыту бастапқыда Қазақстан Республикасында құрылыш индустриясын және құрылыш материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламанын** шенберінде көзделген болатын. оның негізгі максаты елімізде құрылыш индустриясының индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету, тұрақты және теңгерімделген құрылыш материалдарын өндіру болып табылады. Бұл ретте тұрғын үй құрылышының мәселелері кейінге қалдырылды. Сонымен бірге, 2008 жылдан бастап тұрғын үй құрылышына жеке инвестициялардың төмендегені байқалды, олардың есебінен дағдарыска дейінгі кезең ішінде тұрғын үйдің 87 % салынған болатын (оның ішінде ЖТК 60 %). Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі жүргізген талдау 2012 жылы тұрғын үй құрылышының көлемі күрт төмендейді деп күтіліп отырғанын, бұл өз кезегінде тұрғын үй бағасының есүіне алып келетінін көрсетті.

Тұрғын үй құрылышының көлемін сактап қалу, оған жеке инвестициялар тартуды ынталандыру, тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесін мүмкіндігінше кеңінен пайдалану, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салуды жалғастыру, сондай-ақ басқа міндеттерді шешу үшін 2011 жылғы 31 наурызда Үкімет Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасын** бекітті.

Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасының шенберінде жергілікті атқарушы органдардың халықтың негізгі топтары үшін тұрғын үйдің коллежетімділігін арттыра отырып, ҚТҚЖБ арқылы сатылатын кредиттік тұрғын үй салуының жаңа схемасы, ЖТК дамыту, екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі - ЕДБ) қорландыру жолымен коммерциялық тұрғын үйдің қолдау, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мұлік қоры» АҚ-ның тұрғын үй салуы, тұрғын үйдің коллежетімділігін арттырудың басқа да бағыттары және тұрғын үй құрылышының көлемін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру шараларын жасау көзделген.

Кабылданған шаралардың нәтижесінде 2011 жылдың көзінде 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл жоспарланған іске қосу көлемінен 8,3 % артық.

Осылайша, тұрғын үй құрылышының жоғарыда көрсетілген бағдарламасын іске асырудың нәтижесі туралы айтсак, жүргізілген талдаудың нәтижесінде алға қойылған міндеттер толық орындалды деп айтуда болады.

Сонымен бірге, талдау бағдарламада көрсетілген әлсіз жақтарды көрсетті:

1) халықтың экономикалық жағынан белсенді негізгі топтары үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік болмады;

2) мемлекет олардың алдында белгілі бір міндеттемелер алған азаматтарды, сондай-ақ жас отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз ету жылдамдатылған жок.

Осы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қантардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғыру - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына **жолдауында** құрылыш саласында колданылып жүрген бағдарламаларға тексеру және талдау жүргізуі, олардың негізінде жыл сайын жалға берілетін тұрғын үйдің көлемін 1 млн. шаршы метрге жеткізуі және сатып алу құқығымен жалдау тетігін, сондай-ақ құрылыш индустриясын дамыту жөніндегі кешенді шараларды көздейтін бірыңғай «Колжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын әзірлеуді және бекітуді тапсырды.

3. Ағымдағы жағдайды талдау

Бүгінгі күні тұрғын үй құрылышында Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған **бағдарламасы** іске асырылып жатыр.

2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламада тұрғын үй құрылышының негізгі қағидаттары және жергілікті атқарушы органдардың және тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесінің қатысуымен тұрғын үй салуы және сатуы, құрылышты қаржыландауды үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыру бағыттары белгіленген, жалға берілетін тұрғын үйді салу және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ тұрғын үй құрылышына жеке инвестицияларды тартуды ынталандыру жалғасып жатыр.

Тұрғын үй құрылышының қарқының сақтап қалуға мүмкіндік беретін тетіктердің бірі тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесін дамыту болып табылады. Мемлекет басшысының 2010 жылғы 29 қантардағы «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына **Жолдауына** сәйкес тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесін және жалпы тұрғын үйдің коммерциялық секторын дамыту жөніндегі жұмыстар басталды. Оның нәтижелері бойынша таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрінің құны Алматы қаласында 142,5 мың теңге, Астана, Ақтау, Атырау және Өскемен қалаларында 112,5 мың теңге, қалған өнірлерде 90 мың теңге шегінде болатын ҚТҚЖБ-ның қатысуымен жергілікті атқарушы органдар арқылы кредиттік тұрғын үй салудың жаңа схемасы әзірленді.

Осы схема халықтың қалың жігі үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруды.

Өнірлерде осы схеманы іске асыру - ҚТҚЖБ әлеуетін пайдаланудың бірінші сатысы ғана екенін атап откен жөн.

2011 жылды жергілікті атқарушы органдарға республикалық бюджеттен тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үй салуға және сатуға 28,8 млрд. теңге бөлінді, 54,1 мың шаршы метр немесе 814 пәтер пайдалануға берілді.

ЖТҚ-мен қатар тұрғын үйді іске қосудың жалпы көлеміндегі негізгі құрамдауышы коммерциялық тұрғын үй болып табылады, оның үлесі дағдарыска дейінгі кезеңде шамамен 35-40 % болғанын ескере отырып, мемлекет құрылышты қаржыландауды үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыруға қолдау көрсетті.

Бұл үшін жарғылық капиталын ұлғайту арқылы ҚТҚЖБ-ны республикалық бюджеттен қаржыландауды жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте ҚТҚЖБ жылына 3 % сыйақы ставкасы бойынша 5 жыл мерзімге тәп-тәп өткізу мөлшерде ҚТҚЖБ тарапынан 50 % (елу пайыз) және жоба құнының 50 %-ын (елу пайызын) құрайтын сомада ЕДБ-ке шартты депозит орналастыруды жүзеге асырады, мұнда соңғы қарыз алушы (жобалау компаниясы) үшін сыйақының тиімді ставкасы жылына 12 %-дан артық болмайды. Бұдан баска, осы тетік бойынша дайын тұрғын үйді сату бекітілген бағамен жүргізууге тиіс, мұнда әрленген дайын тұрғын үйдің 1 (бір) шаршы метрін сату құны 170 000 (бір жұз жетпіс мың) теңgedен артық болмайды.

2011 жылды ҚТҚЖБ-ның жарғылық капиталын ұлғайтуға 57 млрд. теңге бөлінді, соның ішінде ЕДБ 2,4 млрд. теңгені немесе 4 % пайдаланды.

ЖАО-да кезекте тұрғандар үшін тұрғын үй салуға 2011 жылды республикалық бюджеттен 10,9 млрд. теңге сомасында нысаналы трансфертер бөлінді. Жалпы алаңы 120,5 мың шаршы метр жалға берілетін пәтер (2006 пәтер) пайдалануға берілді.

Тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға 2011 жылды республикалық бюджеттен 28,1 млрд. теңге, оның ішінде Ақмола облысында Астана қаласының серіктес қаласы ретінде Косшы селосын дамыту жөніндегі алдын ала жұмыстар жүргізуге - 3,8 млрд. теңге және Алматы облысында Алматы қаласының төрт серіктес қаласын салу жөніндегі алдын ала жұмыстар жүргізуге - 4,0 млрд. теңге сомасында нысаналы трансфертер бөлінді. Нәтижесінде республикада 1162,7 км инженерлік желілер, оның ішінде 564,3 км электрмен жабдықтау желілері, 50,5 км жылумен жабдықтау желілері, 128,5 км сумен жабдықтау желілері, 144,7 км көріз, 217,1 км газ құбыры және 57,6 км кіреберіс жолдар салынды.

2011 - 2014 жылдарга арналған бағдарламаның шенберінде тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру және тұрғын үй құрылышының көлемін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру шараларын жасау жөнінде басқа да бағыттар көзделген.

Тұрғын үй құрылышын дамытуды жалғастыруға мүмкіндік беретін қосымша құрал бұл «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның жүз пайыз қатысуымен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі - Жылжымайтын мүлік қоры) арқылы құрылыш салу. Осы тетік бойынша «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды жалға, кейіннен сатып алатын жалға және тікелей сатып алуға береді. Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын үй беру шарттары мен әдістемесі әзірленген және бекітілген.

Сондай-ақ, тұрғын үй құрылышының қарқының сақтап қалуға мүмкіндік беретін бағыттардың бірі ЖАО-ның тұрғын үй проблемасын дербес шешетін азаматтардың бастамаларына, оның ішінде тұрғын үй құрылыш кооперативтерін (бұдан әрі - ТҚҚ) құруға жәрдем жасауды болып табылады. Бұл ретте, мемлекеттің меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер участесін құрылыш үшін бөлу және құрылыш салынатын участкеге қажетті желілер мен коммуникациялар жүргізілу ТҚҚ құрудың міндетті шарты болуға тиіс.

Көрсетілген шаралардан басқа өткен жылдардағыдай, 2011 жылы Үкімет үлескерлерді қолдауды жалғастырды. Барлығы 2007 жылдан бастап үлестік құрылышты мемлекеттік қаржыландыру 464,3 млрд. теңгени құрады (415,0 млрд. теңге немесе 89 % игерілді).

Нәтижесінде, 450 тұрғын үй кешенінің (62889 үлескер) ішінен өткен кезең ішінде 430 объектідегі 62,7 мың үлескердің проблемасы шешілді (4823 үлескері бар 4 жаңа объектіні есептегендеге).

2012 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Республика бойынша 4891 үлескері бар 24 объектіні, оның ішінде құрылыш салушы өз бетімен салып жатқан 1238 үлескері бар 12 объектіні, мемлекеттік қолдаудың есебінен 3653 үлескері бар 12 объектіні (көрсетілген 24 объектінің ішінен Астана қаласында 1130 үлескері бар 7 объектіні, Алматы қаласында 1025 үлескері бар 7 объектіні, басқа өнірлерде 2736 үлескері бар 10 объектіні) салып бітіру қажет.

2011 жылдың қорытындысы бойынша қабылданған шаралар қаржыландырудың барлық көздері бойынша 6,5 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруге мүмкіндік берді, бұл жоспарланған жылдық жоспардан 8,3 % артық. 55 мыңнан астам отбасы өздерінің тұрғын үй жағдайларын жақсартты. Тұрғын үй құрылышына 417,1 млрд. теңге инвестиция жұмсалды немесе 2010 жылғы осындағы көрсеткішке 119,2 %.

2011 жылы мемлекеттік меншік нысанындағы кәсіпорындар мен үйымдар жалпы алаңы 834,3 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді. Республикада тұрғын үйді іске қосудың жалпы көлемінің 12,8 % мемлекеттік сектор алып отыр.

Есепті кезең ішінде жеке меншік нысанындағы кәсіпорындар, үйымдар мен халық жалпы алаңы 5,4 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берді. Соның ішінде халықтың қаражаты есебінен 3,6 млн. шаршы метр тұрғын үй немесе Республикада іске қосылған тұрғын үйдің жалпы көлемінің 54,6 % салынды. Бұл 2010 жылғы көрсеткіштен 13 % артық.

2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламада белгіленген іс-шаралар негізінен құрылышты қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыру деген бағытты қоспағанда орындалып жатыр. 2011 жылы осы мақсат үшін 57 млрд. теңге бөлінді. Алайда, ЕДБ осы қаражаттың 2,4 млрд. теңгесі немесе 4 % пайдаланылды. Барлығы 6 млрд. теңге сомасына өтінім түсті. Осыны ескере отырып, 51 млрд. теңге сомасындағы қалған қаражат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 672 шешімімен мынадай түрде бөлінді:

1) 26 млрд. теңге Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысушылар тұрғын үй сатып алуы үшін жылына 4% сыйақы ставкасы бойынша алдын ала және аралық қарызы беруге бағытталған;

2) 25 млрд. теңге алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы ставкаларын төмendetуге бағытталған.

Көрсетілген 51 млрд. теңгегің қайта бөлу, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй құрылышының 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың тұрғын үй сатып алуына 26 млрд. теңге және алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы ставкаларын азайтуға 25 млрд. теңге және олардың одан әрі іске асырылуы «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» жаңа бағдарламасының шенберінде сақталады.

2011 - 2014 жылдарға арналған Бағдарлама бағытының іске асырылуын аяқтау регламенті - құрылышты қаржыландыру үшін екінші деңгейдегі банктерді қорландыру осы «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шенберінде қалады. 2011 - 2014 жылдардағы Бағдарламада бүрын жазылғандай ҚТҚЖБ 6 млрд. теңге мөлшерінде көзделген қаражат шегінде шартты депозит орналастыруды жүзеге асырады.

Тұрғын үйді сату ЕДБ-ның таңдауы бойынша төмендеге көрсетілген схемаларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын болады:

- 1) кейіннен ипотека берілетін депозиттік-жинақтау жүйесі;
- 2) кейіннен бөліп-бөліп сата отырып депозиттік-жинақтау жүйесі;
- 3) тұрғын үй құрылыш жинақтары жүйесі.

Бұл ретте тұрғын үйді сатудың өзге де схемалары қолданылуы мүмкін.

Жоғары сейсмикалық аудандар үшін «Сейсмикалық аудандардағы құрылым» **2.03-30-2006 КР КНЖЕ** сәйкес тұрғын үйдің бір шаршы метрін салу құнына түзету коэффициенттері рұқсат етіледі.

Құрылым компанияларына кейіннен кредит беру үшін ЕДБ-ге қаражатты шартты орналастыру КТКЖБ пен ЕДБ арасындағы келісімнің негізінде жүзеге асырылатын болады.

Объектілерді салу жобалау компаниялары арқылы жүзеге асырылуға тиіс.

Объектіні салу жөніндегі жоба ведомствоаралық комиссияның шешімімен макұлдануға тиіс. Тұрғын үй жайлыштық деңгейі бойынша 2 және 3 сыныпты болуға тиіс.

Құрылым объектілерінің тізбесін ЕДБ ЖАО-мен келісім бойынша құрылым салушылармен бірлесіп айқындауды және оны Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия бекітеді.

Сондай-ақ, қабылданып жатқан шараларға карамастан, бүтінгі күні әлеуметтік бағытқа және **2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны** тиімді іске асыруға әсер ететін мынадай бірқатар проблемалар шешілген жок:

1) жергілікті атқарушы органдарда есепте тұрған азаматтар үшін жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылымын қаржыландырудың жеткіліксіздігі;

2) тұрғын үй құрылым жинақтары жүйесінің мүмкіндіктерін пайдаланудың жеткіліксіздігі;

3) құрылым индустрисының тиімді нарығы қалыптаспаған;

4) халықтың экономикалық жағынан белсенді негізгі топтарын, оның ішінде жас отбасыларын колжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндіктің жоқтығы.

Көрсетілген проблемаларды шешу үшін тұрғын үй құрылымының саласында жаңа бағдарлама әзірлеу қажет.

Бағдарламаны әзірлеуге кіріспес бұрын, бастапқыда халықтың сатып алу қабілетінің, еңбек ақысының және тұрғын үйге бағаның параметрлерін анықтау қажет болды.

Экономикалық даму және сауда министрлігі жүргізген 2011 жылы еңбек және жылжымайтын мүлік нарығын талдаудың қорытындылары бойынша халықтың сатып алу қабілетінің, еңбек ақысының және тұрғын үйге бағаның параметрлері белгілі болды:

тұрғын үйдің бір шаршы метрін сатып алу құны:

1) жаңа тұрғын үйде 156 мың теңге,

2) кайталама нарыкта 113 мың теңге болды.

Республика бойынша орташа айлық енбекақы 89 мың теңгені құрайды.

Накты енбекақы айына 53 мың теңгені құрайды (орташа дәүләтті халықтың сатып алу қабілетін ескере отырып 0,6 түзету коэффициенті қолданылды).

Осы деректердің негізінде 4 адамнан тұратын орташа статистикалық отбасының тұрығын үй сатып алу мүмкіндігі қарастырылды, оның екеуі жұмыс істейді және айынша 106 мың теңге накты табыс табады.

Осы отбасының шығыстары 64 мың теңге сомасында - бір адамға айына 16 мың теңгеден.

Пәтер сатып алу үшін бос лимит 42 мың теңге (106 - 64 = 42).

4 адамнан тұратын отбасы үшін алаңы 40 шаршы метр пәтерге ай сайынғы төлем ипотекалық қарыз бойынша 15 жыл мерзімге, жылдық 12 % бойынша:

1) жаңа үйде - 86 мың теңге, бұл 42 мың теңге деген колжетімді лимиттен 2,2 есе артық;

2) осындаш шартпен қайталама нарыкта - 63 мың теңге, бұл колжетімді лимиттен 1,6 есе артық.

Көрсетілген есептен көріп отырганымыздай, табысы көрсетілген деңгейдегі отбасы жеке меншікке тұрғын үй салып ала алмайды.

Осылайша, халықтың экономикалық жағынан белсенді 8,4 млн. адамы, жұмыс істемейтін 6 млн. астам адам нарықтың жағдайларда тұрғын үйді сатып ала алмайды. Осы топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша жағдай жасау және шара қабылдау - Үкіметтің жыңық арадағы перспективадағы негізгі міндеті болып табылады.

Осы міндеттерді шешу үшін, ең алдымен тұрғын үй құрылымының бұрынғы 6,0 млн. шаршы метр деген көлемін 2020 жылға қарай 10 млн. шаршы метрге дейін ұлғайту қажет. Құрылымының осы көлеміне индустрисың әдістерді: ірі панельді үй құрылымы (ППУК), қалыбы алынбайтын конструкциялар және жиналмалы-қаңқалы үй құрылымын қолдану арқылы ғана қол жеткізуге болады. Үй құрылымының индустрисың әдістерін пайдалану тұрғын үйдің құнын төмendetуге және құрылымын мерзімін қыскартуға мүмкіндік береді.

Елімізде индустрисың әдістерді енгізу үшін тұрғын үй құрылымы саласында айтартықтай табысқа жеткен жақын және алыс шетелдерге - Түркияға, Белоруссияға, Ресейге, Германия мен Араб Әмірліктеріне шығып, олардың тәжірибесі зерттелді.

Шетелдік тәжірибелі талдау осы елдерде тұрғын үй құрылымы саласына қолдау көрсетілетінін көрсетті:

1. Беларусь Республикасы (бұдан әрі - БР)

БР-да құрылымының ынталандыру үшін мынадай жағдайлар жасалған:

1) құрылым компанияларын ҚҚС-тан босату;

2) жер участкерін тегін беру;

3) құрылым материалдардың бекітілген бағасы;

4) құрылым компанияларының бекітілген маржасы - 5 % артық емес;

5) үлестік құрылым мемлекеттік құрылым компаниялары арқылы.

БР-да тұрғын үйді салу негізінен тұрғын үй-құрылым кооперативтері мен үлестік құрылым жүйелері арқылы халықтың қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Мемлекет халыққа жөнілдікті кредит беру арқылы тұрғын үй құрылымына қатысады (сыйақы ставкасы жылдық 1 %-дан 5 %-га дейін, мерзімі 20 жылдан 40 жылға дейін) және азаматтардың басым құқық берілген санаттары үшін аз көлемде әлеуметтік тұрғын үй салады, ол мемлекеттің меншігінде қалады.

БР-да 2006 - 2010 жылдары 8 үй құрылымы комбинаттарын (бұдан ері - YKK) қайта жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді. YKK индустримальық әдістерді: ірі панельді үй құрылымы (ППУК), калыбы алынбайтын конструкциялар және жиналмалы-қаңқалы үй құрылымы қолдану арқылы құрылымсты жүзеге асырады. Үй құрылымының индустримальық әдістерін пайдалану тұрғын үйдің құнын төмендетуге және құрылымтың мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді.

ППУК пайдалану тұрғын үйдің құнын төмендетуге және құрылымтың мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді және ППУК есебінен қазіргі заманғы технологияларды пайдаланып тұрғын үйді жылдам және сапалы салуға болады.

2. Ресей Федерациясы (бұдан ері - РФ)

Бұгінгі күні РФ-да РФ Үкіметінің қаулысымен бекітілген 2011 - 2015 жылдарға арналған «Жилище» федералдық мақсатты бағдарламасы қолданылып жатыр.

Бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік даму институтары қатысады. Тұрғын үй құрылымындағы олардың қызыметі ипотеканың қолжетімділігіне (Внешэкономбанк, Тұрғын үйге ипотекалық кредит беру жөніндегі агенттік); тұрғын ғимараттарды курделі жөндеу проблемаларын ішінде шешүге және авариялық қордан азаматтарды көшіруге (Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын реформалауға көмек көрсету қоры) ықпал етті; кешенді құрылым салудың озық жобаларының инфрақұрылымын мемлекеттік қаржыландырудың практикалық тәжірибесі алынды (Ресей өнірмині, Внешэкономбанк).

Колжетімді тұрғын үй құрылымын ынталандыру мақсатында Внешэкономбанк тұрғын үй құрылымының өзіндік құнын құрт төмендетуге мүмкіндік беретін инновациялық құрылым материалдары өндірісі саласындағы жобаларды іске асыруға белсенді қатысып жатыр.

Жалпы, құрылым материалдары өнеркәсібін дамыту стратегиясының шенберінде тұрғын үйдің колжетімділігін қамтамасыз ету үшін Ресейде өткен 2 жыл ішінде құрылым материалдарын шыгаратын 700 жана кәсіпорын (сонын ішінде: 2010 жылы - 300 кәсіпорын, 2011 жылы - 400 кәсіпорын) іске қосылды.

Бұгінгі күні 2020 жылға дейінгі жаңа бағдарлама әзірленіп жатыр. Мұнда тұрғын үйдің жалға берілетін секторын (мемлекеттік және жеке меншік) дамытуға ерекше мән беріледі.

Бұгінгі күні негізінен азаматтарға тиесілі тұрғын үй-жайлардан жеке меншік жалға берілетін тұрғын үй нарығы қалыптасқан және саралтамалық бағалau бойынша ол тұрғын үй қорының 8 - 10 % болады. (01.01.2012 жылы жағдай бойынша РФ тұрғын үй қоры 3,2 млрд. шаршы метр).

Осы саладағы мемлекеттік саясаттың басымдығы тұрғын үй-жайлар ең алдымен ұзақ мерзімді жалға берілетін (бес жылдан астам) жеке меншік тұрғын үй қорын дамыту үшін жағдай жасау және нарықтағы барлық қатысуышылар үшін төң жағдайды қамтамасыз ету кезінде жалға берілетін тұрғын үйдің сегменттерін (жеке жалға берушілерді және бизнес-жалға берушілерді) интеграциялау болып табылады.

Халықтың жалға берілетін тұрғын үйге сұранысының артуы бойынша бизнес-жалға берушілердің жалға беруіне арналған жеке меншік үйлер (табыс әкелетін үйлер) салуға жағдай жасалатын болады. Бұл ретте, даму институттарының міндеттері тұрғын үйді жалдау нарығында кредит берудің және қайта қаржыландырудың нарықтық тетіктерін жасау болып табылады.

Жалға берілетін тұрғын үйге болжамды сұраныс РФ бойынша 700 млн. шаршы метр.

«Корпоративтік жалдауды» дамыту үшін өз қызметкерлері үшін жалдау қорын қалыптастыратын шаруашылық субъектілерін колдау ұсынылып отыр.

Жеке меншік компаниялардың кейін жалға беру үшін жалға берілетін тұрғын үй салуын мынадай шарттар бойынша жүзеге асыру ұсынылып отыр:

1) инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген тегін берілген жер участекінде. Мұнда 1 шаршы метрдің өзіндік құны көпшілік өнірлер үшін 22 000 рубльден төмен болады (шамамен 110 мың теңге);

2) мемлекет инвесторға жылына 10 % кіріске кепілдік беруге тиіс, бұл нарықтағы кірістен сәл жогары.

2020 жылға қарай жалға берілетін тұрғын үйдің қоры тұрғын үй қорының шамамен 15 %, оның ішінде бизнес-жалға берушілер жалға беретін тұрғын үйдің үлесі - 5 - 7 % болады деп болжанып отыр.

3. Германия

Бұгінгі күні Германияның тұрғын үй нарығында мынадай тренд байқалып отыр: жалға берілетін тұрғын үйдің өте көп болуы, ауылдық тұрғын үйден қалалық тұрғын үйге тұтынушылық басымдықтың арасынан кетуі, пәтерлерің пайдасына меншікті үйлерге қызығушылықтың төмендеуі.

Жеке меншік тұрғын үй кез келген адамның мақсаты екеніне қарамастан, Германияның көпшілік тұрғындарының оны іске асыруға мүмкіндігі жоқ. Оған бірнеше факторлар кедегі келтіреді. Бір жағынан, жеке тұлғалардың тұрғын үйді сатып алуын ынталандырудың мемлекеттік бағдарламасы тоқтатылатын болады. Екінші жағынан, жалдау нарығындағы бағаны мемлекет реттейді және оны төменгі деңгейде ұстап тұрады.

Демографиялық алға жылжу, төмен ипотекалық ставкалар және икемді кредиттік саясат болғанымен жағдай үнемі өзгеріп отырады, бүгінгі күні немістердің 43 %-ында ғана жеке меншік тұрғын үй бар. Осы көрсеткіш Еуроодақ бойынша орташа деңгейден төмен.

Тұрғын үй саясаты кеп балалы отбасылар, жалғыз басты ата-аналар және т.с.с. сияқты «осал топтарға» арналған мемлекеттік колдаумен тығыз байланысты. Мұнда тұрғын үйді жалдау үшін субсидия беруге емес, құрылым салуга ерекше назар аударылады. Бүгінгі күні Германияда халықтың жартысынан көбі тұрғын үйді жалдап тұрады.

Сонымен катар, Германияда құрылым саласына және құрылым материалдары өндірісіне жаңа технологияларды енгізуге басты назар аударылады. Германиядағы құрылым саласындағы ірі өнеркәсіптік компаниялардың бірі бұл «B.T. innovation GmbH» және «EBAWE». Компаниялардың негізгі қызметі - ғимараттар құрылымының әртүрлі әдістері бойынша темірбетон бұйымдарының зауыттары үшін жабдықтар дайындау және жеткізу.

4. Туркия

Түркияда тұрғын үй саясатын реттеу саласындағы негізгі үәкілетті орган:

- 1) Қоғамдық жұмыс және тұрғын үй құрылымы министрлігі (министрлік);
2) Түркияның тұрғын үй құрылымын дамыту жөніндегі басқармасы (ТОКі).

Министрліктің негізгі функциясы:

мемлекеттік қаражат есебінен қаржыланатын құрылымска жетекшілік ету (жоспарлау, тендерлер өткізу, бақылау және пайдалануға қабылдау);

құрылым саласында лицензия беру, осы саланы реттеу және стандарттарды бекіту.

ТОКі негізгі функциясы - құрылым жобаларын қаржыландыру арқылы табысы орта және төмен азаматтар үшін тұрғын үй нарығының сұранысын қамтамасыз ету.

ТОКі қызметінің басты саласының бірі «Кедей аудандарды қайта құру/ Түркияның қалалық аудандарын жаңарту жөніндегі жобалар». ТОКі жергілікті әкімшілік бұзған үйлерді немесе бұзуга ұсынылған кедей аудандарды қайта салады.

Колданыстағы тұрғын үй құрылымы саясатына және тұрғын үй сатып алуға қатысты үкіметтік шешімді іске асыру үшін ТОКі әзірлеген қаржы моделі қызығушылық туғызып отыр. Бұл қаржы моделі «кірістерді қайта бөлу» моделі деп аталады, онда ТОКі қармағындағы жер участкеріне тұрғын үй салу арқылы жеке сектормен ынтымактастықта халықтың табысы жоғары топтары тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, ал алынған кіріс халықтың төмен және орта деңгейде табысы бар топтары үшін құрылым жобаларына жүмсалады.

Осы модель жеке серіктеспен бірлесіп сатудан түскен кірістерді бөлуге негізделген.

ТОКі-дің тұрғын үй салу жөніндегі әлеуметтік бағдарламасы қазіргі нарық жағдайларында тұрғын үй сатып алу үшін қаржы қаражаттары жок төмен және орта деңгейде табысы бар отбасыларға арналған.

ТОКі жүзеге асыратын тұрғын үй жобаларын бөлу:

- 1) 14 % жобалар «Кірістерді қайта бөлу әдісімен қаражат жинау» бағдарламасы бойынша;
- 2) 86 % жобалар «Әлеуметтік тұрғын үй» бағдарламасы бойынша. ТОКі әлеуметтік тұрғын үй жобаларының бенефициарлары құрылымының бастауға алғашқы жарна төлейді. Көпшілік жобалар үшін осы көрсеткіш мемлекеттік сектордағы жалакының индексі болып табылады.

ТОКі-дің кредиттерін төлеу мерзімдері нысаналы топтың қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты орта есеппен 10-15-20 жыл деп белгіленеді.

Түркияда құрылым материалдарының секторы өте жақсы дамыған және Түркия тауарлары мен материалдарының құрылымының үлесі шамамен 95 %.

Шетелдік тәжірибелі ескере отырып, «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын табысты іске асыру үшін Қазақстанда тұрғын үй құрылымының жоспарланған өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрылымының одан ері индустріяландыру жөніндегі шаралар көзделіп отыр.

Беларусь Республикасының «Атаев С.С. атындағы НИПТИС - тұрғын үй институты» мемлекеттік кәсіпорнымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Алдын ала келісім бойынша біздің қатысуызынан Қазақстанда осы институттың филиалын ашуға шешім қабылданды. Бұл бастапқы қадам, одан кейін кадрлар және тиісті база даярланады, дербес институт ашу жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің, Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің, әкімдіктердің және Беларусь Республикасындағы әріптердің қатысумен Қазақстанның аумағында үй салу комбинаттарын оңтайлы орналастыру мәселелері қарастырылып жатыр.

Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінде облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдері орынбасарларының, мұдделі мемлекеттік органдардың және занды тұлғалардың қатысумен неміс тауар өндірушілермен кездесулер өтті. Осы кездесулерде үй салу комбинаттарының жаңа технологиялары таныстырылды және Германияның тауар өндірушілермен келісімге кол жеткізілді.

Бұдан басқа, импорт алмастыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасында құрылым индустріясын және құрылым материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаның шенберінде табақты шыны және керамикалық тақталар шыгаратын жаңа өндірістер салу,

радиаторлар және арматуралар, санитарлық-техникалық бүйімдар мен құбырлар, сондай-ақ басқа да материалдар мен бүйімдар өндірісін ұлғайту көзделіп отыр.

Индустриялық үй құрылышын дамыту және импорт алмастыру жөніндегі көрсетілген шаралар тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырудың маңызды факторы болып табылады, ейткені ол тұрғын үйдің құнын төмендетуге және құрылыштың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру арқылы «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шенберінде еліміздегі азаматтардың әртүрлі санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдай жасау деген мемлекеттік тұрғын үй саясатының басты мақсаты шешілетін болады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі мемлекеттік қолдаудың мынадай шараларымен қамтамасыз етілетін болады:

- 1) мемлекет басым параметрлерде тұрғын үй құрылышының жобаларын іске асыруды қолдайды;
- 2) құрылыш салушыларға инженерлік коммуникация жүргізілген жер участекелері беріледі;
- 3) табысы жоғары емес азаматтарға тетіктер мен каржы құралдары ұсынылатын болады;
- 4) жобалаушыларға, құрылышшыларға, құрылыш материалдарын өндірушілерге озық технологияларды қолдану үшін қолайлы жағдай жасалатын болады.

Мемлекеттік тұрғын үй салудың және оның ақысын төлеудің қолдау шенберінде мына басым параметрлері болмак:

- 1) тұрғын үйдің аланы - 35 шаршы метрден 75 шаршы метрге дейін;
- 2) шекті құны - 1 шаршы метр үшін 80 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін;
- 3) орташа айлық төлемнің шамасы - 50 мың теңге.

Осылайша, мемлекет мынадай қолдау көрсетеді:

- 1) эконом-сыныпты шағынгабаритті тұрғын үйді жобалау, салу және сату (жайлышты 3 және 4 сыныптан жоғары емес);
- 2) төлемдердің берілген деңгейін қамтамасыз ету үшін Қазақстанның Тұрғын үй құрылыш жинақ банкі және Қазақстандық ипотекалық компания сияқты қаржы институттарын дамыту.

Сонымен қатар, әртүрлі өнірлердегі құрылыштың жағдайын ескере отырып, тұрғын үйдің бұдан да ауқымды параметрлері көзделеді.

Қазақстанда дағдарысқа қарсы шараларды және әлемдік оң тәжірибелі пайдалана отырып, тұрғын үй құрылышы саласын серпінді дамыту үшін нақты алғышарттар бар. Бұл үшін «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шенберінде мынадай негізгі іске асырылып жатқан және жана бағыттарды мемлекеттік қолдау қажет:

1. Мемлекеттік тұрғын үй корынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй корынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаждардың есебінде тұрған азаматтар үшін тұрғын үй салу (бұдан әрі - ЖАО-да кезекте тұрған азаматтар үшін тұрғын үй).

2. ҚТКЖБ желісі бойынша:

- 1) халықтың барлық санаттары үшін;
- 2) жас отбасылар үшін тұрғын үй салу.
3. «ҚИК» АҚ-тың тұрғын үй салуы.

4. Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша тұрғын үй корын жөндеу (кайталама тұрғын үй).

5. Авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шенберінде тұрғын үй салу.

6. ЖТК.

7. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұралын салу.

8. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде тұрғын үй салу.

9. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мұлік коры» АҚ-тың тұрғын үй салуы.

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде жалға берілетін тұрғын үйдің көлемін 1 млн. шаршы метрге дейін қолжеткізу 2014 жылы көзделіп отыр. Жалпы, 2020 жылдан бастап, жыл сайын 10 млн. шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты

Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылышын дамыту проблемаларын кешенді түрде шешу.

Бағдарламаның міндеттері

1. Ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да толыққанды тенгерімді тұрғын үй нарығын жасау.

2. «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының [Занында](#) белгіленген азаматтардың санаттарын, сондай-ақ жас отбасыларын және халықтың қалың жігін тұрғын үй құрылыш жинақтары желісі және «Қазақстандық ипотекалық компания» ипотекалық ұйым» АҚ бойынша жайлышты 3 және 4

сыныпты, оның ішінде аз қабатты бағасы қолжетімді, энергия тиімділін және экологиялық талаптарына жауап беретін тұрғын үй салу жолымен тұрғын үймен қамтамасыз ету.

3. Жаппай тұрғын үй салу мақсатында, ең алдымен экономикалық сынып үшін аумақты кешенді игеру және құрылымды салынған аумақты дамыту.

4. Тұрғын үй құрылышына жеке инвестицияларды тарту және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті ынталандыру.

5. Тұрғын үй құрылышы салынатын аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын дамыту.

6. Жеке тұрғын үй құрылышын дамыту.

7. Тозған және авариялық тұрғын үйлерді бұзу мәселесін шешу.

8. Азаматтардың коммерциялық емес бірлестіктерінің, оның ішінде тұрғын үй құрылышы кооперативтерінің, сондай-ақ жеке құрылыш салушылардың тұрғын үй салуын қолдау.

9. Энергия үнемдеу және экология талаптарына сәйкес келетін қазіргі заманғы жаңа технологиялар енгізу, құрылыш материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының өндірісін ұлғайту, тұрғын үй құрылышындағы қазақстандық қамтудың үлесін арттыру жолымен Қазақстан Республикасында құрылыш индустриясын дамыту.

Бағдарламаның нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

	Өлшем бірлігі	Жауапты мемлекеттік орган	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Каржыландырудың барлық көздері есебінен тұрғын үй салу	мың шаршы метр	ҚТКША, ЖАО	6 050	6 600	6 900	7 200	7 600	7 700	8 000	9 000	10 000
ЖАО-да кезекте тұрған азаматтар үшін тұрғын үй	мың шаршы метр	ҚТКША, ЖАО	136,4	225	275	275	275	275	275	275	275
ҚТҚЖБ желісі бойынша халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй	мың шаршы метр	ҚТКША, ЖАО	313	320	330	330	330	330	330	330	330
Жас отбасылар үшін тұрғын үй	мың шаршы метр	ҚТКША, ЖАО	-	155	155	200	200	200	200	200	200
«ҚИК» АҚ Қорының тұрғын үйі - сатып алу құқығымен жалдау	мың шаршы метр	ҚТКША, «ҚИК» АҚ	-	-	210	250	545	530	530	530	530
«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қорының жалға беретін тұрғын үйі	мың шаршы метр	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, ҚТКША, ЖАО	-	60	90	150	150	150	150	150	150
Авариялық тұрғын үйлерді бұзу жениндеғі пилоттық жобалар шенберінде тұрғын үй салу	мың шаршы метр	ҚТКША, Манғыстау облысының және Астана қаласының әкімдіктері	-	25	25	30	35	50	50	50	50
Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде тұрғын үй салу	мың шаршы метр	ҚТКША, ЖАО	102,6	115	115	165	165	165	165	165	165
ЖТҚ	мың шаршы метр	ЖАО	3 000	3 200	3 200	3 250	3 300	3 350	3 400	3 800	4 300
Коммерциялық тұрғын үй	мың шаршы	ЖАО	2 498	2 500	2 500	2 550	2 600	2 650	2 900	3 500	4 000

5. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Бағдарламаның шенберінде мынадай негізгі бағыттар көзделіп отыр:

1. **ЖАО-да кезекте тұрган азаматтар үшін тұрғын үй салу.**

2. **КТҚЖБ желісі бойынша:**

1) халықтың барлық санаттары үшін;

2) жас отбасылар үшін тұрғын үй салу.

3. «ҚИК» АҚ-тың тұрғын үй салуы.

4. Казақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша тұрғын үй қорын жөндеу (қайталама тұрғын үй).

5. Авариялық тұрғын үйлерді бузу жөніндегі пилоттық жобалар шенберінде тұрғын үй салу.

6. ЖТК.

7. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу.

8. Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде тұрғын үй салу.

9. «Самурық-Қазына» жылжымайтын мұлік қоры» АҚ-тың тұрғын үй салуы.

Бағдарламаға қатысушы Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша бір елді мекенде жеке меншігіне бір тұрғын үй сатып алуға құқылы. Осы талаптың орындалуын бақылау ЖАО-ға және Бағдарламаның операторына жүктеледі.

ЖАО-да кезекте тұргандар үшін тұрғын үй

Коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға кезекте тұрган азаматтар үшін республикалық бюджет қаражатының есебінен әрбір облыста, Астана және Алматы қалаларында мемлекеттік жалға берілетін үйлерді (пәтерлерді) жобалау және жыл сайын салу және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алу көзделеді.

Мемлекеттік жалға берілетін үйдегі пәтерлер «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес ЖАО-да кезекте тұргандарға беріледі.

Бюджет қаражаты есебінен тек жайлышты 4-сыныпты жалға берілетін тұрғын үйлерді жобалау және салу және (немесе) дайынның сатып алу жүргізілтін болады.

Жайлышты 4-сыныпты мемлекеттік жалға берілетін үйдің 1 шаршы метрін салудың және (немесе) жеке құрылыс салушылардан сатып алудың құны өнірлерде 80 мың теңгеден артық болмайды (инженерлік желілердің құнын және өнірдің сейсмикалығын есептемегендеге) және Астана мен Алматы қалаларында 120 мың теңге мөлшерінде (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге).

Бұл ретте өнірлер бойынша пәтердің жалпы алаңының бір шаршы метрінің құны тұрғын үйлердің жобалау-сметалық құжаттамасына Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының негізінде анықталатын болады.

Жоғары сейсмикалық аудандар үшін тұрғын үйдің бір шаршы метрін салу құнына:

1) 10 балл - 1,27;

2) 9 балл - 1,22;

3) 8 балл - 1,16;

4) 7 балл - 1,1 түзету коэффициенттері рұқсат етіледі.

Тұрғын үй құрылысы ауданының сейсмикалығы «Сейсмикалық аудандардағы құрылыс» 2.03-30-2006 Казақстан Республикасының ҚНжЕ сәйкес анықталады.

Тұрғын үй салуға және (немесе) жеке құрылыс салушылардан тұрғын үй сатып алуға құрылыс құнынан асатын шығындар жергілікті бюджет қаражатының есебінен төленуі мүмкін. Ол үшін ЖАО жергілікті бюджетте тиісті жылға республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың сомасынан 10 %-ға дейін резерв ұстасуы қажет. Осы қаражатты, қажет болған жағдайда ЖАО кезекте тұргандар үшін тұрғын үй салған кезде қоса қаржыландыруға ғана емес, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын басқа бағыттарына да - халықтың барлық санаттары мен жас отбасылар үшін тұрғын үй салуға да пайдалана алады.

2015 жылдан бастап кезекте тұрган азаматтар үшін тұрғын үй салу бағыты бойынша, сондай-ақ халықтың барлық санаттары мен жас отбасылар үшін тұрғын үй салу деген басқа бағыттар бойынша құрылыстың құнына инфляция коэффициентін қолдана отырып жыл сайын қаражат бөлу көзделіп отыр.

Тұрғын үйді үақытында іске қосу және құрылыстың құнын төмендету үшін ЖАО инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым жеткізілген жер участеклерін бөлуге тиіс.

Жалға берілетін (коммуналдық) тұрғын үй салу және сату тетігінің өзі мынадай:

1) Казақстан Республикасының Үкіметі жалға берілетін үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға және салуға және/немесе сатуға бюджет қаражатын бөледі;

2) ЖАО жалға берілетін тұрғын үй құрылысына жер участеклерін бөледі, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етеді, жалға берілетін үйлерді жобалайды және салады және (немесе) жеке құрылыс салушылардан пәтерлерді (үйлерді) сатып алады, құрылыс жұмыстарының барысына және

сапасына бақылау жасайды, салынған тұрғын үйлерді балансқа қабылдайды, жоғарыда көрсетілген санаттардағы азаматтарға пәтерлерді бөледі, жалдау ақысын өндіріп алады;

3) жалдау төлемі түріндегі қаражат бюджеткесе қайтарылады.

Жалға берілетін (коммуналдық) үйлер және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салған кезде ЖАО әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларын тартуы мүмкін.

Жалға берілетін тұрғын үй құрылышы құнының өсуіне жол бермеу және бюджет қаражатын үнемдеу мәсжатында Агенттік Қазақстанның барлық өнірлері үшін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік нормативтердің талаптарын ескере отырып, тұрғын үйлердің үлгі жобалары әзірленетін болады. Энергия үнемдеу шараларын қолдану жалға берілетін (коммуналдық) тұрған үйлерді күтіп-ұстауга арналған пайдалану шығыстарын төмендетуге мүмкіндік береді.

ҚТҚЖБ желісі бойынша тұрғын үй

1) Халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй

Тұрғын үй құрылышының бұл бағыты 2010 жылғы 29 қантардағы Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Жаңа онжылдық - Жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жана мүмкіндіктері» атты Жолдауына сәйкес басталған тұрғын үй құрылыш жинақ жүйесін дамыту жұмыстары аясында әзірленген және 2011 - 2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышы бағдарламасының аясында іске асырылады.

Көрсетілген 2011-2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыруды талдау бұл тұрғын үйдің халық тарапынан сұраныска ие екенін көрсетті. 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру басталғанда банктің 17 мыңға жуық салымшысы осы бағыт бойынша тұрғын үй сатып алуға ниет білдірсе, бүгінде 75 мың адамнан асып түсті. Сонымен қатар 2011- 2014 жылдарға арналған бағдарлама аясында шамамен 10 мың пәтер (орташа - жыл сайын 2,5 мың пәтер) салу жоспарланып отыр. Бұл мұқтаждықтан 7,5 есе аз.

Осыған орай осы бағыт бойынша тұрғын үй құрылышын жалғастырып қана қоймай, оны қаржыландыруды қөбейту қажет.

Тұрғын үйді ЖАО-ның салу және оны тұрғын үй құрылыш жинақ жүйесі арқылы іске асыру тетігі мынадай:

1. ЖАО-ның жобалау, салу және/немесе дайын тұрғын үйді сатып алуды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен кредиттер беру. Жоба әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы іске асырылған жағдайда, ЖАО тұрғын үй құрылышын жүзеге асыру үшін ӘҚК-ге бюджеттік кредит бөледі.

2. ЖАО мен ҚТҚЖБ-ның тұрғын үй құрылыш жинақ жүйесі арқылы тұрғын үй салу және іске асыру жобасының аясында ынтымақтастық бойынша ниецтері туралы келісімге қол қоялады.

ЖАО және ҚТҚЖБ келісken жобалар таңдал алынған соң әрбір құрылыш объектісі бойынша тұрғын үй салу және іске асыру бойынша ЖАО және ҚТҚЖБ ынтымақтастығы туралы шартқа қол қоялады.

ЖАО және ҚТҚЖБ тұрғын үйді сатып алу-сату, жалға алу шарттарының үлгі нысандарын келіседі.

3. ҚТҚЖБ-ның сатып алушылар мен жалға алушылар пулдарын құрып, олардын арасында пәтерлерді бөлуі.

ҚТҚЖБ пулдардың қатысушыларымен тұрғын үй құрылыш жинақ шарттарына қосымша келісімдер жасайды, онда пулға қатысу талаптары, оның ішінде 3 ай ішінде тұрғын үй құрылыш жинағына жарналар жинақтау бойынша төлемдер салынбаған жағдайда ҚТҚЖБ-ның пул қатысушысын ауыстыру құқығы қамтылады. Тұрғын үй құрылыш жинақ шартына қосымша келісім жасалған күннен бастап төлемдерге монтиронг жүргізіледі. ҚТҚЖБ пул қатысушыларын ауыстыруды пулдарды құру үшін белгіленген тәртіппен жасайды.

4. Пулға қатысушылардың тұрғын үйді сатып алуы мынадай бағыттар бойынша:

1) тұрғын үй құрылышы аяқталған соң тұрғын үй, алдын ала әрі аралық тұрғын үй қарыздары және меншікті қаражат есебінен;

2) тұрғын үйді жалдау арқылы кейіннен тұрғын үй қарыздары есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Ең жоғарғы жалдау мерзімі - тұрғын үй пайдалануға берілген күннен бастап 8 жылдан артық емес;

5. ЖАО-ның тұрғын үй құрылышын және оны пайдалануға берілуін қамтамасыз етуі.

6. ЖАО-ның тұрғын үй сатып алатын сатып алушылар пулына қатысушылармен пәтерлерді сатып алушу шарттарын жасауы немесе тұрғын үй құрылыш жинағын жинақтау мерзімі аяқталған соң тұрғын үйді сатып алууды көздел отырган пулға қатысушылармен кейіннен сатып ала отырып жалдау шарттарын жасауы.

7. Бөлінген пәтерлерді сатып алу үшін ҚТҚЖБ-ның пулға қатысушыларға қарыздар беруі.

Пулға қатысушы кепілді қамтамасыз ету ретінде сатып алынған пәтерді ҚТҚЖБ-ға береді.

ҚТҚЖБ сатып алушылар пулына қатысушылардың қарыздары мен жинақтарының және меншікті қаражатының сомасын ЖАО-ға сатып алынатын пәтер төлеміне есебіне аударады.

8. ЖАО-ның бюджеттік кредитті өтеуі.

Құрылыш кезінде сатып алушылар пулына қатысушылардың өкілі ретінде ҚТҚЖБ тұрғын үйдің әрбір объектісі құрылышының барысын мониторинглеуді жүзеге асырады. Құрылыш аяқталғаннан кейін ЖАО

салынған тұрғын үй объектісінің, пайдалануға қабылдауға катысу үшін тұрғын үй объектісі пайдалануға беруге дайын екендігі туралы ҚТҚЖБ-ға жазбаша хабарлайды.

Тұрғын үй объектісі пайдалануға берілгеннен кейін:

ЖАО ҚТҚЖБ берген әрбір тұрғын үй объектісі бойынша пул қатысушыларының тізімі негізінде сатып алу-сату (не тұрғын үйді жалдау) шарттарын жасайды, Бағдарлама қатысушысының қаражаты есебінен тұрғын үйге меншік құқығын рәсімдеу мен тіркеуді жүзеге асырады.

Бағдарламаға қатысушының қаражаты есебінен ҚТҚЖБ кепіл шарттын тіркеуді қамтамасыз етеді.

Осы бағыт бойынша тұрғын үй - халықтың барлық санаттары үшін жайлыштық деңгейі 3 және 4-сыныпты болуға тиіс.

Таза әрленген тұрғын үйдің 1 шаршы метрі үшін сату бағасы мынандық болады:

1) жайлыштық 4-сыныпты Астана және Алматы қалаларында 120 мың теңге шегінде (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 100 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), қалған өнірлерде 80 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге);

2) жайлыштық 3-сыныпты Астана және Алматы қалаларында 142,5 мың теңге шегінде (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 112,5 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), қалған өнірлерде 90 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге);

3) Алматы қаласының маңындағы Алматы облысының аумақтарында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлыштық 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы сияқты көзделеді.

Бұл ретте, өнірлер бойынша пәтердің жалпы алаңының бір шаршы метрінің құны тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасына Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының негізінде анықталатын болады.

Тұрғын үй салуға және (немесе) жеке құрылымы салушылардан тұрғын сатып алуга құрылымы құнынан асатын шығындар ЖАО құрган резервтен жергілікті бюджет қаражатының есебінен төленуі мүмкін.

2015 жылдан бастап халықтың барлық санаттары үшін тұрғын үй салу бағыты бойынша құрылыштың құнына инфляция коэффициентін қолдана отырып, жыл сайын қаражат бөлү көзделіп отыр.

Осы схеманы практика жүзінде іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдар инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым жеткізілген жер учаскелерін бөлуге тиіс.

Осы схема халықтың қалың жігі үшін тұрғын үйге қолжетімділікті арттырады.

Тетіктің басты артықшылығы - тұрғын үй сатып алуды мемлекет қаржыландыруының қажет болмауы. Тұрғын үйді сатып алу жалдаушының тұрғын үй құрылымы жинақтарының және ҚТҚЖБ берген тұрғын үй қарыздарының есебінен жүргізіледі.

Жалға берілетін тұрғын үйде тұрып жатып 8 жылдан көп емес мерзім ішінде тұрғын үйді сатып алу үшін қаражат жинақтау мүмкіндігі жалдаушылар үшін басым артықшылық болып табылады, мұнда тек коммуналдық төлемдерге, содан кейін 15 жылға дейін мерзімге тұрғын үй қарызын алу.

Пулдар құру және тұрғын үйді бөлү тәртібін ҚТҚЖБ басқару органы анықтайды.

Тұрғын үйді сатып алушылардың және кейін сатып алу құқығымен тұрғын үйлерді жалдау пульнан қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тұрғын үйді сатып алушылардың және кейін сатып алу құқығымен тұрғын үйді жалдаушылардың пулдары «Халықтың барлық санаттарына арналған тұрғын үй» бағыты бойынша Бағдарламаға қатысу үшін берген өтініштердің негізінде ҚТҚЖБ салымшыларының ішінен қалыптастырылады;

2. Пулдарды қалыптастырыған кезде пулға қосудың басым құқығы төмендегі көрсеткіштер ескеріле отырып, ең жоғары балл жинаған ҚТҚЖБ салымшыларында болады: бағалау көрсеткішінің мәні (көлемі), тұрғын үй құрылымы жинағының ең төменгі қажетті көлемін жинақтау, тұрғын үй құрылымы жинағын жинақтау мерзімі. Баллды есептеу өтініш берушілердің пулдарға қатысуға өтініштерін қабылдау аяқталған күннен бастап келесі жұмыс күнніндегі жағдай бойынша жасалады.

3. Балл есептеліп болған соң тұрғын үй сатып алушылар пульна қатысушыларды іріктеу үшін өтініш берушілердің төлем қабілеті бағаланады.

ҚТҚЖБ қарыздары есебінен тұрығын үй сатып алушылар пульна қалыптастыруышыларға қойылатын негізгі өлшемдер:

1) «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылымы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 желтоқсандағы [Занынын](#) нормаларын, қарыздар алу үшін тұрғын үй құрылымы жинақтары туралы шарттың талаптарын және ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарын орындау;

2) ҚТҚЖБ талаптарына сәйкес қарызға қызмет көрсету үшін төлем қабілетін растау;

3) ҚТҚЖБ-ның ішкі талаптарына сәйкес сатып алынатын тұрғын үйді кепілдік қамтамасыз етуге беру.

Республикальық бюджеттөзінген қаражатты пайдалана отырып, ҚТҚЖБ қарыздарының есебінен тұрғын үй сатып алу үшін Бағдарламаға қатысушы мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

4) Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасының мүшелерінде (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) Бағдарламаға қатысуша өтініш берген елді мекенде меншік құқығында тұрғын үй болмауы немесе егер Бағдарламаға қатысушының, оның отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) меншік құқығындағы алып отырған пайдалы алаңының мөлшері отбасындағы бір адамға

шакқанда (жұбайлар, кәмелетке толмаған балалар, сондай-ақ енбекке жарамсыз балалар, жұбайлардың енбекке жарамсыз немесе зейнет жасына жеткен ата-аналары - бірге тұрып жатса және енбекке жарамсыз балалардың, жұбайлардың енбекке жарамсыз немесе зейнет жасына жеткен ата-аналарының меншігінде тұрғын үй жоқ болса) кемінде 15 (он бес) шаршы метрден аз болған жағдайда Бағдарламаға қатысушының тұрғын үй жағдайын жақсарту қажеттігі;

5) Бағдарламаға қатысушы және оның отбасының мүшелері (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) соңғы бес жылдың ішінде тұрғын үй жағдайларын қасақана нашарлатуы фактілерінің болмауы.

Осы шарттардың орындалуын тексеруді банк жүзеге асыратын болады.

4. Тұрғын үй сатып алушылар пулына қатысу үшін төлем қабілетін растамаған өтініш берушілер бойынша тұрғын үй жалдаушылар пулына іріктеу үшін төлем қабілетін бағалау жүргізіледі.

Кейін сатып алушмен тұрғын үй жалдаушылар пулына қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

1) Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген елді мекенде тіркелу;

2) Бағдарлама қатысушысының және оның отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген елді мекенде меншік құқығындағы тұрғын үйінің болмауы;

3) Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген елді мекенде Бағдарлама қатысушысының және оның отбасы мүшелерінің (жұбайының, кәмелетке толмаған балаларының) соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үй жағдайларын әдей нашарлату фактілерінің болмауы.

4) ҚТҚЖБ талаптарына сай тұрғын үй жалдау кезеңінде жинақ жинақтау үшін төлем қабілетін растау;

5) өтініш беру алдындағы соңғы 6 айданың отбасының айлық ең төменгі күнкөріс деңгейінің 15 есе мөлшерінен артық емес жиынтық таза табысы (зейнетакы аударымдары, жеке табыс салығы мен басқа да аударымдар шегерілген).

5. Пулға қосу үшін басымдылығы мынадай ретпен анықталады:

1) ҚТҚЖБ қарыздары және жинақталған тұрғын үй құрылымы жинақтары есебінен тұрғын үй сатып алушылар пулдарына қатысушылар;

2) артынан сатып алушмен тұрғын үй жалдаушылар пулдарына қатысушылар.

5-тармақтың 1), 2) тармақшаларында анықталған топтар ішіндегі пулдарға қатысушылары арасында тұрғын үйді бөлу пулдар құру кезінде жинаған балл санымен анықталады. Балл тен болған кезде басым пулға қатысу үшін өтініш берілген күннің негұрлым ерте болуымен анықталады.

Кейіннен сатып алу құқығымен жалға берудің ерекшелігі:

1. ҚТҚЖБ кейін сатып алу құқығымен тұрғын үй жалдаушылар пулына қатысушылар тізімін ЖАО-ға береді;

2. ЖАО Бағдарламаға қатысушылармен шарт жасайды, оның ішінде төмендегілер көзделеді:

1) жалдаушылардың Қазақстан Республикасы Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалдамалы үйлерден алынатын жалдық төлемді есептеу [адистемесіне](#) сәйкес ЖАО белгілеген, бірақ 8 жылдан аспайтын кезеңге 1 ш.м. үшін 100 теңгеден артық емес жалдық төлемді төлеуі;

2) коммуналдық қызметтерді төлеу: электр қуаты, су, жылу, тұрғын үй күтіміне мақсатты шығыстар және т.б.;

3) тұрғын үй құрылымы жинақ шартында белгіленген жинақтау мерзімі ішінде тұрғын үй құрылымы жинағына жарналар жинақтау міндеттемесі (жалдамалы тұрғын үй сатып алу үшін жинақ жинақтаудың ең төменгі мерзімі - тұрғын үй пайдалануға берілген күннен бастап 8 жылдан артық емес);

4) ҚТҚЖБ-ден 3 ай бойынша тұрғын үй құрылымы жинағына жарналар жинақтау бойынша төлемдердің болмауы туралы ақпарат түсін кезде ЖАО-ның жалға алушыны және оның отбасы мүшелерін шығарып жіберу тәртібі.

Бұл жағдайда ЖАО жалға алушыны пәтерден шығарады, ҚТҚЖБ қатысушының жинақталған тұрғын үй құрылымы жинағынан және кепілді жарнасынан ЖАО-ға жалдамалы тұрғын үйде Бағдарлама қатысушысының нақты тұрғаны үшін өтемекінде аударады. Өтемекі сомасы жалдау шарты жасалған күннен бастап тұрған әрбір ай үшін 8 жыл ішінде жинақ жинақтаудың стандарт талаптарында есептелген салымға ай сайынғы жарна көлемінің бір еселік көлемінде есептеледі.

ЖАО жалға алушыны тұрғын үйден шығару туралы ақпаратты, оның ішінде ЖАО-ға өтемекі аудару үшін тұрған ай санын ҚТҚЖБ-ге береді.

Жалға алушылар пулына қатысушыларды ауыстыруды ҚТҚЖБ пулдарды құру үшін белгіленген тәртіппен жүргізеді. Келесі жалға алушы үшін тұрғын үй құнын ЖАО алдынғы жалға алушының нақты тұрғаны үшін алған өтемекі көлемінде азайтады.

5) жалдамалы тұрғын үйде тұру тәртібі мен талаптары және т.б.

Жалдау шартынің және/немесе тұрғын үй құрылымы жинақ шартынің талаптарын орындағаны үшін Бағдарламаға қатысушыны жалдамалы тұрғын үйден шығару рәсімін ЖАО жүзеге асырады.

ЖАО жасалған жалдау шарттарынің көшірмелерін Банкке береді.

3. ҚТҚЖБ-ның Бағдарлама қатысушыларымен кейін сатып алу құқығымен тұрғын үй жалдау, жарналар жинақтау бойынша төлемдер жасалмаган жағдайда, жалға алушыдан тұрғын үй құрылымы жинақтау

бойынша 6 еселік ай сайынғы жарна көлемінде кепілді жарна қабылдау талаптарын қамтитын тұрғын үй құрылымы жинақ шарттарына қосымша келісімдер жасау.

4. Жалға алушының пәтерге кіруі, жасалған тұрғын үй құрылымы жинақ шарттына сай тұрғын үй құрылымы жинағын жинақтауды жүзеге асыруы.

5. Жалға алушының ерікті тұрде жалдамалы тұрғын үйден шығуы қажет болған жағдайда, ҚТҚЖБ Бағдарламаға қатысушының жалдамалы тұрғын үйде нақты тұрған мерзімі үшін қатысушының жинақталған тұрғын үй құрылымы жинақтарынан және кепілдік жарналарынан ЖАО-ға өтемекі аударады. Өтемекі сомасы жалға алу шарты жасалған күннен бастап тұрған әрбір ай үшін 8 жыл ішінде каражат жинақтаудың стандартты талаптарына сай есептелген салымға ай сайынғы жарнаның бір реттік мөлшері шамасында есептеледі.

ЖАО ҚТҚЖБ-ге жалға алушының пәтерден шығуы, соның ішінде өтемекі аудару үшін тұрған айларының саны туралы акпарат береді.

Бағдарламаға қатысушыны ауыстыруды ҚТҚЖБ пул қалыптастыру үшін белгіленген мерзімде жүзеге асырады. ЖАО жаңа жалға алушы үшін тұрғын үй құнын алдыңғы жалға алушының нақты тұрғаны үшін алынған өтемекі мөлшеріне азайтады.

6. Тұрғын үй құрылымы жинақтарын жинақтау мерзімінің аяқталуына және жалдамалы тұрғын үйді сатып алу мақсатында тұрғын үй қарызын алу талаптарына қарай жалдамалы тұрғын үйді сатып алу-сату шарттарын жасау үшін ҚТҚЖБ ЖАО-ға тізімдер жіберуі.

7. ЖАО Бағдарламаға қатысушылармен сатып алу-сату шарттарын рәсімдеуі және қол қоюы, банктік қарыз және кепіл шарттарын рәсімдеу үшін оларды ҚТҚЖБ-ге беруі.

8. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылымы жинақтары туралы» Қазақстан Республикасы Занының, Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес 15 жылға дейінгі мерзімге тұрғын үй қарыздарын беру.

Сатып алынатын жалдамалы тұрғын үй Банкке кепілге беріледі.

Тұрғын үй қарыздарын алу үшін негізгі өлшемдер:

1) Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылымы жинақтары туралы» Занының нормаларын, қарыз алу үшін тұрғын үй құрылымы жинақ шарттарының талаптарын және ҚТҚЖБ ішкі нормативтік құжаттарын орындау;

2) ҚТҚЖБ талаптарына сай қарызға қызмет көрсету үшін төлем қабілеттілігін раставу;

3) ҚТҚЖБ ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін кепілзаттық қамтамасыз етуді беру.

Бағыт бойынша Бағдарламаны (турғын үйді кейіннен сатып алумен жалға алу) жүзеге асыру 2013 жылдан басталады.

2) Жас отбасыларға арналған тұрғын үйлер

Бұл Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қантардағы «Әлеуметтік экономикалық жаңғыру - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында берген тапсырмаларын іске асыру шенберінде әзірленген тұрғын үй құрылымының жаңа бағыты.

Жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үйдің жайлышық деңгейі 3 және 4-сыныпты болуға тиіс.

ЖАО-ның жас отбасылар үшін тұрғын үй құрылымы жинақтар жүйесі арқылы сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй салу тетігі мынадай:

1. Жалға берілетін тұрғын үй салуды және (немесе) дайынның сатып алууды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен ЖАО-ға нысаналы трансфертер бөлу. Жоба әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы іске асырылған жағдайда, ЖАО тұрғын үй құрылымының жүзеге асыру үшін ӘҚК-ға трансфертер бөледі.

2. Тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесі арқылы сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй салу және сату жөніндегі жобалар шенберінде ЖАО мен ҚТҚЖБ-ның ынтымақтастық ниеті туралы келісімге қол қоюы.

ЖАО және ҚТҚЖБ тұрғын үйді жалға алу, сатып алу-сату шарттарының үлгі нысандарын келіседі.

3. ЖАО-ның жалға берілетін тұрғын үй салуды қамтамасыз етүі.

4. ЖАО-ның Бағдарламаға қатысуға үміткерлердің тізімін қалыптастыруы.

5. Бағдарламаға қатысушыларды іріктеу үшін ЖАО-ға қойылатын негізгі талаптардың 1)-7) тармақшаларында баяндалған талаптарға сай келетін Бағдарламаға қатысуға үміткерлерге ЖАО-ның ҚТҚЖБ-ға пәтердің (үй-жайдың) алдын, 1 шаршы метрдің құнын көрсете отырып, жолдамалар беруі. Бұл бағыттарды Бағдарламаға қатысуға үміткерлер ҚТҚЖБ-ға береді. Берілген жолдамалар саны салынған пәтерлер санына сәйкес болуы тиіс.

6. Бағдарламаға қатысу үшін ҚТҚЖБ-ның төлем қабілетін бағалауы банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, Бағдарламаға қатысу үшін төлем қабілетінен ету туралы раставу ұсынуы.

7. ЖАО-ның жалға берілетін тұрғын үйді бөлу үшін өтініш берушілердің төлем қабілетін раставан азаматтардың түпкілікті тізімін қалыптастыруы.

8. ҚТҚЖБ-ның Бағдарламаға қатысушылармен тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шартқа Бағдарлама (жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу) қатысу шарттар бар косымша келісім жасауы, 3 және одан көп ай ішінде төлемдер енгізілмеген жағдайда жалдаушыдан тұрғын үй құрылыс жинақтары бойынша айын сайынғы төлемнің 6 еселеңген мөлшерінде кепілдік жарнаны қабылдауы.

9. Тұрғын үйді пайдалануға бергеннен кейін ЖАО-ның Бағдарламаға қатысушылармен жалдау шартын жасауы, онда мыналар көзделген:

1) жалдаушылардың 8 жылдан көп емес кезеңге нөлдік ставка бойынша жалдау төлемдерін төлеуі (коммуналдық қызметтерге: электр энергиясына, суға, жылуға, тұрғын үйді күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға төлемдері үшін т.б. қамтылады);

2) тұрғын үйді сатып алу үшін 8 жылға дейін мерзім ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтары жарналарын міндettі жинақтау;

3) 3 және одан көп ай ішінде тұрғын үй құрылыс жинақтарына жарналарды жинау жөніндегі төлемдердің болмауы туралы ҚТҚЖБ-дан акпарат түсken кезде ЖАО-ның жалдаушы мен оның отбасы мүшелерін жалға алған пәтерден шығару тәртібі. ҚТҚЖБ тұрғын үй құрылыс жинақтарына жарна салу мониторингін жалға алу шартын жасаған күннен бастап жүзеге асырады.

Мұндай жағдайда жалдаушыны ЖАО пәтерден шығарады, ҚТҚЖБ ЖАО-ға тұрғын үй құрылыс жинақтарында жинақталған жарналар және қатысушының кепілдік жарналары есебінен Бағдарламаға қатысушының пәтерде тұрғаны үшін өтемакы аударады. Өтемакы сомасы жалға алу шарты жасалған күннен бастап тұрған әрбір ай үшін 8 жыл ішінде каражат жинақтаудың стандарттық талаптарына сай есептелген салымға ай сайынғы жарнаның бір реттік мөлшері шамасында есептеледі.

ЖАО ҚТҚЖБ-ге жалға алушының пәтерден шығару, соның ішінде өтемакы аудару үшін тұрған айларының саны туралы акпарат береді.

Бұдан кейін ЖАО жоғарыдағы көзделген тәртіппен ҚТҚЖБ белгілекен мерзімде Бағдарламаға қатысушыны ауыстыруды жүзеге асырады. ЖАО жана жалға алушы үшін тұрғын үй құнын алдынғы жалға алушының нақты тұрғаны үшін алынған өтемакы мөлшерінде азайтады;

4) жалға берілген тұрғын үйде тұру тәртібі мен шарттары және т.б.

Жалдау шартының және/немесе тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптары орындалмаған жағдайда Бағдарламаға қатысушыны жалға берілген тұрғын үйден шығару және ауыстыру рәсімін ЖАО жүзеге асырады.

10. Жалдаушының пәтерге қоныстануы, тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы жасалған шартқа сәйкес тұрғын үй құрылыс жинақтарын жинауы.

11. Жалдауши өз еркімен жалға алған тұрғын үйден шыққан жағдайда оның жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу үшін тұрғын үй құрылыс жинақтарындағы жарнасын ҚТҚЖБ жалға берілетін тұрғын үйде жалдаушының нақты тұрған мерзімі үшін жалдау төлемдерінің ақысы ретінде ЖАО-ға аударады. Өтемакы сомасы жалға алу шарты жасалған күннен бастап тұрған әрбір ай үшін 8 жыл ішінде каражат жинақтаудың стандарттық талаптарына сай есептелген салымға ай сайынғы жарнаның бір реттік мөлшері шамасында есептеледі.

ЖАО ҚТҚЖБ-ге жалға алушының пәтерден шығуы, соның ішінде өтемакы аудару үшін тұрған айларының саны туралы акпарат береді.

Бұдан кейін ЖАО жоғарыдағы тәртіpte көзделген ҚТҚЖБ белгіленген мерзімде Бағдарламаның қатысушысын ауыстыруды жүзеге асырады. ЖАО жана жалға алушы үшін тұрғын үй құнын алдынғы жалға алушының нақты тұрғаны үшін алынған өтемакы мөлшерінде азайтады.

12. Жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу үшін тұрғын үй құрылыс жинақтарын жинау мерзімі мен шарттары аяқталғаннан кейін жалға алынған пәтерлерді сатып алу-сату шарттарын жасау үшін ҚТҚЖБ-ның ЖАО-ға тізім ұсынуы.

13. ЖАО-ның Бағдарламаға қатысушылармен пәтерлерді сатып алу-сату шарттарын жасауды ресімдеуі және қол қоюы, оларды банктік қарыздар мен кепілдік шарттарын ресімдеу үшін ҚТҚЖБ-ға беруі.

14. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының Занынын талаптарына, Банктік ішкі құжаттарына сәйкес 15 жыл мерзімге дейін тұрғын үй қарыздарын беру.

Сатып алынатын жалға берілетін тұрғын үй Банкке кепілге беріледі.

Жас отбасыларға таза әрленген тұрғын үйдің 1 шаршы метрі үшін сату бағасы мынаны құрайтын болады:

1) жайлышты 4-сыныпты Астана және Алматы қалаларында 120 мың теңге шегінде (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 100 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), қалған өнірлерде 80 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге);

2) жайлышты 3-сыныпты Астана және Алматы қалаларында 142,5 мың теңге шегінде (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 120 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге), қалған өнірлерде 90 мың теңге (инженерлік желілердің құнын есептемегендеге);

3) Алматы қаласының маңындағы Алматы облысының аумақтарында таза әрленген тұрғын үйдің бір шаршы метрі үшін баға Алматы қаласы бойынша жайлыштырыбы 3 және 4-сыныпты тұрғын үйдің бағасы сияқты көзделеді.

Өнірлер бойынша пәтердің жалпы алаңының бір шаршы метрінің түпкілікті құны тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасына Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының негізінде анықталатын болады.

Тұрғын үй салуға және (немесе) жеке құрылым салушылардан сатып алуға арналған шығындар салу құнынан асып кеткен жағдайда, ол жергілікті бюджеттің есебінен жүргізілу мүмкін. Ол үшін ЖАО тиісті жылға республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың сомасынан 10 %-ға дейін резерв жасауы қажет.

2015 жылдан бастап құрылымның құнына инфляция коэффициентін қолдана отырып, жыл сайын жас отбасылар үшін тұрғын үй салуға қаражат бөлу көзделіп отыр.

Осы схеманы практика жүзінде іске асыру үшін ЖАО инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жеткізілген жер учаскелерін бөлуге тиіс.

Тетіктің басты артықшылығы - тұрғын үй сатып алушы мемлекет қаржыландыруының қажет болмауы. Тұрғын үйді сатып алу жалдаушылардың тұрғын үй құрылымы жинақтарының және ҚТҚЖБ берген тұрғын үй қарыздарының есебінен жүргізіледі. Мемлекеттік үшін екінші маңызды басымдық бұл түсken қаражатты жалға берілетін тұрғын үй салуға қайта жұмсау, яғни ресурстарды 20 жылдың ішінде екі есе пайдалану және Бағдарламаның осы тетігімен жас отбасыларын көнінен қамту мүмкіндігі болып табылады. Үшінші маңызды фактор - жалдау төлемдердің толықтығы мен уақтылығына ЖАО-ның мониторинг жүргізу қажеттілігінің болмауы.

Женілдетілген талаптарда жалдамалы тұрғын үйде тұра отырып, 8 жыл ішінде тұрғын үй сатып алу үшін қаражат жинау, содан кейін 15 жылға дейін мерзімге тұрғын үй карызы алу мүмкіндігі жас отбасылар үшін күмәнсіз артықшылық болып табылады.

Жалдамалы тұрғын үй салу мен жүзеге асырудың аталған тетігі жас отбасылар үшін тұрғын үйдің коллежтімділігін арттырады.

Бағдарламаға қатысушыларды іріктеу және тұрғын үйді беру кезектілігінің тәртібін ЖАО белгілейді.

Тұрғын үй қарыздарын алу үшін Бағдарламаларға қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

1) Бағдарламаға қатысу үшін өтініш берген кезде ерлі-зайыптылардың екеуінің де жасы 29 жастан аспауы қажет;

2) өтініш берген сәтте кемінде 2 жыл тіркелген некеде болуы;

3) отбасының құрамына ерлі-зайыптылар, кәмелетке толмаған және енбекке жарамсыз балалар, ерлі-зайыптылардың енбекке жарамсыз ата-аналары қосылады;

4) ерлі-зайыптылардың екеуінің де Бағдарламаға қатысуға өтініш берілген елді мекенде тіркелуі;

5) Бағдарламаға қатысушыда және оның отбасы мүшелерінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйге коныстану үшін Бағдарламаға қатысу үшін өтініш берген елді мекенде меншік құқығында тұрғын үйінің болмауы;

6) соңғы 5 жыл ішінде ерлі-зайыптылардың және олардың отбасы мүшелерінің тұрғын үй жағдайларын қасақана төмendetу фактілерінің болмауы;

7) өтініш берердің алдындағы соңғы 6 ай үшін отбасының ай сайынғы жиынтық таза табысы (зейнетақы аударымдарын, жеке табыс салығын және басқа да аударымдарды есептемегендеге), мынадай шекте:

а) ең төменгі - Алматы, Астана қалалары үшін төменгі қункөріс деңгейінің 4 есе мөлшері, басқа қалалар үшін - төменгі қункөріс деңгейінің 3 есе мөлшері;

б) ең жоғары - **Төменгі қункөріс деңгейінің** 12 есе мөлшерінен артық емес.

ЖАО өтінішті қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру берген күннен бастап, бірақ жалға берілетін тұрғын үйдің құрылымы басталған күннен бастап 3 айдан кешіктірмей Бағдарламаға қатысу үшін өтініштерді қабылдауды бастайды және жалға берілетін тұрғын үйді іске қосуға 6 ай қалғанда аяқтайды.

Бағдарламаға қатысу үшін үміткерлер аз болған жағдайда ЖАО өтінішті қабылдауда мерзімін ұзартуға құқылы.

Бағдарламаға қатысу үшін өтінішті қабылдаған кезде ЖАО өтініш иелерінің жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

Жалға берілетін тұрғын үйді бөлу үшін төлем қабілетін растиған өтініш берушілерді іріктеуді ЖАО балдық жүйе бойынша (балдың ең көп саны бойынша) жүргізеді:

1) тіркелген некениң әрбір жылы үшін - 5 балл;

2) тұнғыш бала үшін - 20 балл, келесі екінші және кейінгі балалар үшін 30 балл;

3) мүгедек болып табылатын және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен созылмалы аурулардың кейбір ауыр түрлерімен ауыратын отбасының әрбір мүшесі үшін - 10 балл;

4) мемлекеттік бағдарламалар шенберінде алдағы іріктеу кезінде салынған тұрғын үйдің тізіміне қосылмаған үміткерлер үшін - қосымша 5 балл.

Жалға берілетін тұрғын үйді бөлу кезегін жинаған балдың саны анықтайды.

Тұрғын үй қарыздарын алу үшін Бағдарламаға қатысушыларға қойылатын негізгі өлшемдер:

1) «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылымы жинақ ақшасы туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 7 желтоқсандағы **Занының** нормаларын, қарыздар алу үшін тұрғын үй құрылымы жинақтары туралы шарттың талаптарын және ҚТҚЖБ-ның ішкі құжаттарын орындау;

- 2) ҚТҚЖБ талаптарына сәйкес қарызға қызмет көрсету үшін төлем қабілетін растау;
- 3) ҚТҚЖБ-ның ішкі талаптарына сәйкес сатып алынатын тұрғын үйді кепілдік қамтамасыз етуге беру.

Осы бағытты іске асыру - жас отбасылар үшін тұрғын үй салу 2012 жылдан басталады.

Азаматтардың барлық санаттары және жас отбасылар үшін ҚТҚЖБ салымшыларының тарифтік бағдарламасына байланысты тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақылар ставкалары жылына 4 % бастап 6,5 % дейін құрайды.

«ҚИК» ИҰ АҚ-тың тұрғын үйі

Жаңа бағыт - «Қазақстандық ипотекалық компаниясы» ипотекалық үйім» акционерлік қоғамының («ҚИК» ИҰ АҚ) тұрғын үй салуы - 2030 жылға дейін сату мерзімімен сатып алу құқығы бар жалға берілетін тұрғын үй.

«ҚИК» ИҰ АҚ-ның сатып алу құқығы бар әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үйді салу және беру (бұдан әрі - сатып алу құқығы бар жалға беру) бойынша мынадай тетіктер ұсынылады:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүргізу үшін жергілікті атқарушы органдарға максатты трансферттер бөледі;

2) 2013 жылдан бастап 2020 жылға дейін республикалық қаражат есебінен 107,754 млрд. теңге мөлшерінде «ҚИК» ИҰ АҚ-ны капиталдандауды жүзеге асырады;

3) «ҚИК» ИҰ АҚ-на облигация шығару үшін 2013 жылдан бастап 2020 жылға дейін 56,504 млрд. теңге мөлшерінде мемлекеттік кепілдік береді.

2. ЖАО:

1) «ҚИК» ИҰ АҚ-тың меншігіне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы салынған жалға берілетін тұрғын үй салу үшін өтеусіз негізде жер участекелерін береді;

2) жалға тұрғын үй берілуі мүмкін Бағдарламаға қатысуышыларды іріктеуді және олардың есебін жүргізеді.

Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді алуға үміткер Бағдарламаға қатысуышылар оны бөлу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтары болуы кажет.

Жалға берілетін тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың тізімін қалыптастыруды (бұдан әрі - тізім) ЖАО жүзеге асырады.

Құжаттарды қарау мерзімі олар тапсырылған сәттен бастап қүнтізбелік 30 күннен аспайды.

Тізімге енгізу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

- 1) ЖАО белгілеген нысан бойынша тізімге енгізу туралы өтініш;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдының анықтамасы (өтініш берушінің және онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің меншік құқығында тұрғын үйінің болмауы туралы);

3) өтініш берушінің (отбасының) әлеуметтік қорғалатын азаматтарға, жас отбасыларға жататындығын растайтын әлеуметтік корғау органынан анықтама не жұмыс орнынан, оның ішінде мемлекеттік қызметшінің қызмет орнынан, бюджеттік үйім қызметкерінің, әскери қызметшінің, құқық корғау органдары қызметкерінің және басқаларының жұмыс орнынан анықтама;

4) тұрақты тұратын орны бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекенжай анықтамасы не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы).

Қажет болған жағдайда өтініш беруші қосымша тұрғын бөлімеге құқық беретін отбасында аурудың ауыр түрімен ауыратын адамның бар екені туралы мемлекеттік денсаулық сактау мекемесінен анықтаманы да үсынады.

Құжаттар кабылдауды құжаттардың толық екендігін тексеретін ЖАО бөлімшелері қызметкерлері жүзеге асырады, олар журналға өтініштерді тіркейді және құжаттарды ЖАО-ның тиісті бөлімшелерінен береді, онда өтініш берушінің талаптарға және тиісті санатқа сәйкестігі тексеріледі.

Тізімге енгізу үшін құжаттарды қараудың оң нәтижесі болғанда, реттік саны мен тізімге енгізілетін күні көрсетілген жазбаша жауап беріледі. Белгіленген талаптарға және тиісті санаттарға сәйкес келмеген кезде өтініш берушігে бас тартуды негіздей отырып, жазбаша жауап беріледі.

Тізім ЖАО стенділерінде, интернет-ресурстарда орналастырылады, сондай-ақ бұкаралық ақпарат құралдарында жарияланады және қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет, сондай-ақ осы тізімдегі тұрған тұлғалардың талабы бойынша жазбаша түрде жаңартылып отырады.

Азаматтардың басым құқық берілген санаттарына мыналар жатады:

- 1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысуышылары;

2) мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік үйімдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер, гарышкерлікке үміткерлер, гарышкерлер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар;

3) жалғыз тұрғын үйі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен авариялық жағдайда деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтары;

- 4) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысуышыларына тенестірілген тұлғалар;

- 5) 1 және 2-топтағы мүгедектер;

- 6) мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар;

8) жасы бойынша зейнеткерлер;

9) қемелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамкорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өтү мерзіміне ұзартылады;

10) оралмандар;

11) экологиялық зілзаларап, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;

12) көп балалы отбасылар;

13) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметтін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары;

14) толық емес отбасылар;

15) құқық қорғау органдарының қызметкерлері;

16) мемлекеттік заңды тұлғалардың қызметкерлері;

17) мемлекетке тиесілі емес әлеуметтік саланың қызметкерлері, мемлекеттік және (немесе) жеке оқу мекемелерінің және деңсаулық сақтау кәсіпорындарының қызметкерлері;

18) жоғары және (немесе) техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімдері бар және аталған білімдерін алған кезеңнен бастап 9 жылдан аспайтын уақыт өткен 29 жасқа дейінгі азаматтар жатады.

Бағдарламаға мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға немесе жеке тұрғын үй қорынан ЖАО жалдаған тұрғын үйге мұқтаждар ретінде ЖАО-да есепте тұрган, сондай-ақ ЖАО-да есепте тұрған азаматтар қатыса алады.

3. Бағдарламаның шенберінде қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында «ҚИК» ИҰ АҚ қолданыстағы құрылымдық бөлімшес базасында төлемдерді автоматтандыру мен жүйелендіру бойынша компания құрады, оған әлеуетті жалға алушылармен жұмыс бойынша қызметтер, жалға беру және коммуналдық (пайдалану) шарттарды жасау, ипотека бойынша ағымдағы операциялар бойынша қызмет көрсетуге, сонымен қатар ақша легін үақытын және толық қамтамасыз етуге байланысты төлемдерді және жалдау төлемдерін жүйелендіру мен алым қызметтері беріледі. Қорсетілген еншілес ұйым өз кезеңінде мамандандырылған тұрғын-үй құрылым компаниясын (бұдан әрі - тәуелді ұйым) құрады, оның атқарытын қызметіне қажетті тендерлерді өткізу, ҚТКША-мен қатар құрылыштың барлық сатылары бойынша техникалық кадағалау, және жалға берілетін тұрғын үйді қабылдау алу мен енгізу, ал ол аяқталғанда «ҚИК» ИҰ АҚ-ына тапсыруды қамтамасыз ету кіреді. Осы еншілес/тәуелді ұйым оның қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету үшін акционерлік қоғам түрінде құрылады және кейіннен соның ішінде мемлекеттік жеке меншік әріптестік аясында тәуелсіз заңды тұлға болып бөлінеді.

«ҚИК» ИҰ АҚ және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдары:

1) жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСК) әзірлеуге және оның мемлекеттік сараптамасын жүргізуге тендер өткізеді;

2) құрылым-монтаж жұмыстарын (ҚМЖ) жүргізуге, мердігерлік құрылым-монтаж ұйымдарын (бұдан әрі - мердігер) анықтауга тендер өткізеді. Қажет болған жағдайда мердігерге қойылатын біліктілік талаптары ҚТКША-мен келісіледі.

3) өткізілген тендерлердің қорытындылары бойынша жалға берілетін тұрғын үй салуға мердігерлермен тиісті шарттар жасайды;

4) мердігерлердің есебінен транш түрінде қаражат бөлу арқылы жалға берілетін тұрғын үйдің құрылымын қаржыландырады;

5) жалға берілетін тұрғын үй құрылымының барысын және кезеңдерін бақылайды;

6) Бағдарламаны іске асыру барысында пайда болатын өзге іс-шараларды жүзеге асырады.

4. Құрылым аяқталғаннан кейін құрылым объектілерін пайдалануға беру және құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу ЖАО мен (немесе) ҚТКША-ның қатысуымен жүргізіледі.

5. Жалға берілетін тұрғын үйдің құрылымы аяқталғаннан кейін «ҚИК» ИҰ АҚ және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдары ҚТКША-мен және (немесе) ЖАО-ның қатысуымен құрылым объектілерін пайдалануға қабылдауды/беруді және құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырады.

Жалға берілетін тұрғын үй пайдалануға берілгеннен кейін «ҚИК» ИҰ АҚ және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдары ЖАО-ны жалға берілген тұрғын үйлердің саны туралы хабардар етеді.

6. ЖАО төлем қабілетін бағалау үшін іріктеуден өткен Бағдарламаға қатысушылардың тізімін «ҚИК» ИҰ АҚ-ға жолдайды. Бағдарламаға қатысушылар төлем қабілетін анықтау үшін «ҚИК» ИҰ АҚ-ға тиісті құжаттарды ұсынады.

7. «ҚИК» ИҰ АҚ Бағдарламаға қатысушылардың төлем қабілетін бағалауды жүргізеді. ЖАО сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй алуға арналған тізімдерге «ҚИК» ИҰ АҚ-та төлем қабілеті расталғандарды енгізеді және Бағдарламаға қатысушылардың - «ҚИК» ИҰ АҚ-ның әлеуетті жалдаушыларын осы тізімдерін жалдау шарттарын жасау үшін «ҚИК» ИҰ АҚ-қа жолдайды.

Үміткерлерді қанағаттандыру үшін тұрғын үйлер (пәтерлер) жетпеген жағдайда олар:

1) жұмыс өтілі бойынша;

2) осы елді мекенде тұру ұзақтығы бойынша іріктеледі.

8. «ҚИК» ИҰ АҚ және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдары ЖАО жалға берілетін тұрғын үйді бөлгеннен кейін және ЖАО Бағдарламаға қатысушылар - алеуетті жалдаушылардың бекітілген тізімдерін ұсынғаннан кейін олармен сатып алу құқығы бар, оның ішінде ай сайынғы жалдау төлемдерінің қалған сомасына тең келетін қалдық құны бойынша 10 жыл жалдау мерзімі өткеннен кейін мерзімінен бұрын сатып алу құқығы бар жалдау шарттарын мемлекеттік тіркеуге байланысты тиісті іс-шараларды жүргізе отырып, жалдау шарттарын жасайды.

9. «ҚИК» ИҰ АҚ және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдары:

- 1) ай сайынғы жалдау төлемдерін қабылдауды және оларға мониторингті жүзеге асырады;
- 2) Жалдаушы жалға алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындаған жағдайда жалға берілетін тұрғын үй оның меншігіне өтеді.

1. Бағдарламаға қатысушылар:

1) төлем қабілетін растиғаннан кейін алеуетті жалдаушылардың тізіміне енгізу кезінде «ҚИК» ИҰ АҚ-мен және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдарымен сатып алу құқығы бар тұрғын үйді жалдау шарттарын жасайды;

2) 6 айлық жалдау төлемінің мөлшеріне тең келетін бастапқы кепілдік жарнаны енгізуді қамтамасыз етеді;

3) «ҚИНКҚ» АҚ-ты немесе сақтандыру ұйымдарын тарта отырып, жалдау сомасын төлемеу тәуекелін сақтандыруды қамтамасыз етеді.

11. «ҚИКБҚ» ИҰ АҚ инвесторлардың шектелмеген тобы арасындағы сыртқы және ішкі қорнарығында мемлекеттік кепілдігі бар қамтамасыз етілген облигацияларды, секьюриттеген облигацияларды орналастыру арқылы жеке инвестицияларды, халықаралық қаржы институттарының қарыздарын және исламдық қаржыландыру құралдарын тартады. 2015 - 2030 жылдар алалығында жалпы сомасы 1 080,456 млрд. теңге, оның ішінде: 2015 - 2020 жылдары - 318,452 млрд. теңге және 2021-2030 жылдары - 762,004 млрд. теңге болатын жеке инвестиацияларды тарту жоспарланып отыр.

12. Қазақстан Республикасының Үкіметі «ҚИК» ИҰ АҚ-тың 2021 - 2030 жылдарға арналған сатып алу құқығы бар әлеуметтік жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасының тетігін әрі қарай іске асыру үшін іс-шаралар қабылдайды, олар:

1) 2021 жылдан бастап 2030 жылға дейін республикалық бюджеттің есебінен 167,160 млрд. теңге мөлшерінде «ҚИК» ИҰ АҚ-ыны капиталданыруға;

2) 2021 жылдан бастап 2030 жылға дейін облигация шығару үшін 87,655 млрд. теңге көлемінде «ҚИК» ИҰ АҚ-ға мемлекеттік кепілдік беруге байланысты.

«ҚИК» ИҰ АҚ-тың жарғылық капиталын толтыру және жеке инвестиацияларды тарту арқылы 2013 - 2030 жылдары Бағдарламаның атаптасынан тетігіне қаржылық құйылымдардың жалпы сомасы 1 355,369 млрд. теңгени, оның ішінде 2013-2020 жылдары - 426,205 млрд. теңгени, 2021 - 2030 жылдары - 929, 164 млрд. теңгени күрайды.

Сатып алу құқығымен жалдау мынадай негізгі шарттарды қөздейді:

1) сатып алу құқығы бар жалдау шартының мерзімі 15 жыл;

2) қоныстанған кезде ең аз бастапқы жарна 6 айлық жалдау төлемінің мөлшерінде;

3) «ҚИК» ИҰ АҚ-тың және (немесе) оның еншілес/тәуелді ұйымдарының келісімімен сатып алу құқығы бар жалға алу құқығын үшінші тұлғаға беру мүмкіндігі;

4) ағымдағы қаржылық жағдайға байланысты үлкен/шағын алаңы бар жалға берілетін тұрғын үйге қоныстану мүмкіндігі;

5) ай сайынғы жалдау төлемдерінің қалған сомасына тең келетін қалдық құны бойынша 10 жыл жалдау мерзімі өткеннен кейін жалға берілген тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігі;

6) кіріс жеткілікті болмаған жағдайда отбасы мүшелерінің құрамынан қосымша жалдаушыларды тарту мүмкіндігі.

Жалға берілетін таза әзірленген тұрғын үйлердің 1 шаршы метрі үшін сату бағасы мынаны құрайды:

1) Астана және Алматы қалаларындағы 4-сыныптағы үйлер 132 мың теңге көлемінде болады, Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 110 мың теңге көлемінде болады, ал қалған аймактарда 88 мың теңге болады (инженерлік желілер төлемдері мен сейсмикалық аймактарды қоспағанда);

2) Астана және Алматы қалаларындағы 3-сыныптағы үйлер 157 мың теңге көлемінде болады, Атырау, Өскемен және Ақтау қалаларында 124 мың теңге көлемінде болады, ал қалған өнірлерде 99 мың теңге болады (инженерлік желілер төлемдері мен сейсмикалық аймактарды қоспағанда);

3) Алматы қаласына жақын орналасқан Алматы облысының аумақтарында сату бағасы 1 шаршы метр үшін таза әрленген Алматы қаласы бойынша жайлышығы 3 және 4-сыныпты тұрғын үй бағаларымен бірдей болады.

Өнірлер бойынша пәтердің жалпы алаңының бір шаршы метрінің түркілікті құны тұрғын үйлердің жобалау-сметалық құжаттамасына Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысының негізінде белгіленетін болады.

Жоғары сейсмикалық аудандар үшін жалға берілетін тұрғын үйдің бір шаршы метрін салу құнына түзету коэффициенттері рұқсат етіледі, ол «Сейсмикалық аудандардағы құрылыш» **2.03-30-2006** КР ҚНжЕ сәйкес анықталады.

Жалға берілетін тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін салу құны жылдар бойынша инфляцияның коэффициентіне сәйкес қайта қарастырылуы мүмкін.

Аталған тетікті іске асыру үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына (Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының **Кодексіне** (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының **Бюджет кодексіне**, Қазақстан Республикасының **Жер кодексіне**, Қазақстан Республикасының **каржы лизингі, жылжымайтын мұлік ипотекасы туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы**, Қазақстан Республикасы заңдарына, басқа да Қазақстан Республикасының заңға тәуелді актілеріне) өзгертулер мен толықтырулар енгізу кажет.

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша тұрғын үй қорын жөндеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2010 жылы республиканың тұрғын үй секторының жалпы алаңы 270,9 млн. шаршы метрді құрады, оның ішінде 263,9 млн. шаршы метр немесе 97,4 % тұрғын үй жеке меншікке тиесіл.

ЖАО-ның деректері бойынша көп пәтерлі тұрғын үйге жататын тұрғын үй қорының 50,1 млн. шаршы метрі немесе 32 % құрделі жөндеудің жекелеген тұрларін жүргізуі талап етеді, ал 3,8 млн. шаршы метр (2 %) бұзылуға жататын, одан әрі пайдалануга жарамсыз авариялық тұрғын үйлер.

Колда бар тұрғын үй қорын сактап қалу мақсатында Мемлекет басшысы 2011 жылғы 28 қантардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына **Жолдауында** тиісті тапсырма берді, оны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» (бұдан әрі - ТКШ бағдарламасы) 2011 жылғы 30 сәуірдегі № 473 **қаулыны** қабылдады.

ТКШ бағдарламасы кондоминиумның ортақ мұлкіне жөндеу жүргізуінді еki тетігін көздейді - құрделі жөндеу республиканың әрбір өнірінде жұмыс істейтін әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуымен жүргізіледі, ал ағымдағы жөндеу - әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың қатысуымен, мемлекеттің қатысуымен жүргізіледі.

ТКШ бағдарламасын іске асыру 2011 жылы басталды, «пилоттық» жобалар ретінде 564 көп пәтерлі тұрғын үйді жөндеу жоспарланған.

Тұрғын үйлерді жөндеу тетіктерін іске асыру үшін 2011 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен жергілікті атқарушы органдарға 7 342 млн. теңге, оның ішінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды үйкелетті үйымдарды капиталданыру үшін 1 842 млн. теңге және мемлекеттің қатысуымен мамандандырылған уәкілдепті үйымдарды капиталданыру үшін 5 500 млн. теңге сомасында нысаналы трансфертер бөлінді.

Бүгінгі таңда 380 кондоминиум объектілері бойынша жөндеу жұмыстары аяқталды, қалғандары бойынша жұмыстар аяқталуға жақын.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 501 **қаулысымен** «тиімді меншік иесін» қалыптастыруға бағытталған **ТКШ бағдарламасына** бірқатар түзетулер енгізілді.

2013 жылдан бастап кондоминиумдардың жалпы мұлкін жөндеу бір тетік бойынша жүргізілетін болады - республикалық бюджеттен облыстарды, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына нысаналы трансфертер бөлінетін болады, олар мемлекеттің қатысуымен мамандандырылған уәкілдепті үйымды капиталданыруға бағытталады.

Қажет болған жағдайда облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары атальған тетікті іске асыру үшін жергілікті бюджет қарражатын пайдаланады.

Кондоминиум объектісін басқару органы мен бас мердігер болып табылатын мамандандырылған уәкілдепті үйым арасында кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін жөндеуге шарт жасалады.

Мамандандырылған уәкілдепті үйым қосалқы мердігерлерді тарту мүмкіндігімен жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

ТКШ бағдарламасына халықтың қатысуы үшін негіз үй-жайлардың (пәтерлердің) иелерінің жалпы жиналысында мақұлданған жөндеу жүргізу туралы шешім болып табылады. Одан кейін шығыстардың сметасы жасалады, ол жеке (бөлек) меншіктегі тұрғын (немесе) тұрғын емес пайдалы алаңының осы көп пәтерлі тұрғын үйдегі барлық тұрғын пайдалы алаңының және барлық тұрғын емес алаңының сомасына қатынасы бойынша анықталады.

Шартта белгіленген мерзім ішінде үй-жайлардың (пәтерлердің) иелері екінші деңгейдегі банктегі өз кондоминиум объектісінің жинақтау шоғына ай сайынғы жарналарды төлейді.

Жергілікті атқарушы органдар жөндеу жұмыстарын жүргізу және үй-жайлар (пәтерлер) иелерінің қарражатын қайтаруға мониторинг жүргізу барысына бақылауды қамтамасыз етеді.

Орындалған жұмыстарды қабылдауга тұрғын үй инспекциялары, кондоминиум объектісін басқару органдары және үй-жайлардың (пәтерлердің) иелерінің өкілдері қатысады.

Бағдарлама 2011 - 2020 жылдарға есептелген, бұл орайда қаржыландыру көздері республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ халықтың алдағы құрделі жөндеуге арналған жинақтар түріндегі каражатын көздейді.

Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй қөмегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй қөмегін көрсету [орежесіне](#) сәйкес кондоминиум объектісінің жалпы мүлкін күрделі жөндеу және (және) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға жарналарды төлеу үшін берілетін болады.

Колданыстағы тұрғын үй қорын жөндеу бойынша ТКШ бағдарламасын іске асыру күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін 2015 жылға қарай 32 %-дан 22 %-ға дейін және 2020 жылға қарай 10 %-ға дейін төмендетуге бағытталған.

Авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шенберіндегі тұрғын үй

Осы Бағдарламаның шенберінде Астана қаласында және Маңғыстау облысында авариялық тұрғын үйді бұзу жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру көзделген.

1. Астана қаласы бойынша.

Аталған бағытты әзірлеу кезінде авариялық және тозған тұрғын үйді бұза отырып, әлеуметтік тұрғын үй салуга негізделген «ТОКІ» мемлекеттік кәсіпорнының қатысуымен қалалық ортаны жаңарту бағдарламасын іске асыру бойынша Анкара қаласының тәжірибесі қолданылды.

Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттік мүдделі мемлекеттік органдардың және Астана қаласы мен Маңғыстау облысы әкімдіктерінің қатысуымен көрсетілген өнірлерде авариялық тұрғын үйді бұзу схемасының нұсқаларын қарады және аталған мәселе бойынша заңнамаға талдау жүргізді.

Қарау қорытындылары бойынша қалыптасқан жағдайды жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай деп жіктей отырып, авариялық тұрғын үйді бұзу және тұрғын үйді және үй орналасқан жер участкесін реквизициялау тәртібінде одан азаматтарды көшіру туралы шешім қабылданды.

Астана қаласының қалыптасқан белгін қайта жаңартудың пилоттық жобасы мемлекеттік инвестицияларды қайтару және авариялық тұрғын үйді бұзу қағидаттары негізінде Астана қаласы әкімдігінің үәкілдегі органы тұрғын үй салуды ұйымдастыруды, қаланың «ескі кварталдарын» кешенді қайта жаңартуды көздейді.

Астана қаласының қалыптасқан белгінде 2978 үй, 588 мың шаршы метр, немесе 11264 пәтер қайта жаңартуды және бұзуды талап етеді, олар қайта жаңартылатын 42 ауданға, 315,6 га аумаққа бөлінген. Оның:

- 1) 5-қабатты - 66 үй;
- 2) 4-қабатты - 13 үй;
- 3) 3-қабатты - 19 үй;
- 4) 2-қабатты - 174 үй;
- 5) 1-қабатты (барак) - 127 үй;
- 6) усадьбалық типтегі үйлер - 2579 үй.

Бұзылатын тұрғын үйдің орнына жобаланып жатқан тұрғын үй алаңы 3,1 млн. шаршы метрді құрайды.

Астана қаласында авариялық тұрғын үйді бұзуды және қолжетімді тұрғын үйді салуды ұйымдастыру жөніндегі жұмысты мынадай тетіктер бойынша ұйымдастыру ұсынылып отыр:

1. Қаланың қайта жаңарту аудандары мен кезендерін анықтау.

2. Қайта жаңарту аудандарында меншікті талдау.

3. Заңнамада белгіленген тәртіппен авариялық деп танылған және бұзуға жататын үйлердің иелерімен үағдаластыққа қол жеткізу.

4. Жергілікті төтенше жағдайды айқындау.

5. Бұзуға жататын үйлердің тұрғындарын көшіру немесе заңнамада белгіленген тәртіппен ақшалай етемақы төлеу.

6. Авариялық тұрғын үйді бұзу.

7. Жаңа үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау және салу.

8. 2013 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде тұрғын үй құрылышының жалпы көлемінен жергілікті атқарушы органның қажеттілігіне сәйкес бұзылып жатқан объектілердің иелерін тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін пайдалануға енгізілген алаңдардың үлесін беруді қамтамасыз ету.

9. Жаңадан салынған үйлерде:

- 1) ҚТҚЖБ жүйесі, екінші деңгейдегі банктер арқылы;
- 2) тікелей тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың белгіленген үлесін сату.

Каржыландыру көздері мен көлемдері:

Каржыландыру қажеттілігі 40 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде: 2013-2014 жылдары - «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асыру шенберінде респубикалық бюджеттен Астана қаласының үәкілдегі үйдің үлесін беруді қамтамасыз ету.

Кейіннен жобаны басқа көздер есебінен - жеке инвестицияларды тарту, ЕДБ қарыздар, үәкілдегі үйдің жарғылық капиталын толтыру үшін респубикалық және жергілікті бюджеттен нысаналы трансфертер, коммерциялық жылжымайтын мүлкіті сатудан түсken кіріс жобаны іске асыру барысында тиісті қызметтер көрсету есебінен қаржыландыру жоспарланып отыр.

Авариялық тұрғын үйді бұзу және азаматтарды көшіру тетігін іске асыру.

Астана қаласының әкімдігі:

1) Астана қаласының қалалық ортасын қайта жаңарту жобасын, авариялық тұрғын үйді бұзуды және тұрғын үй қорын салуды іске асыру үшін үекілетті ұйымды құрады;

2) үй құрылыштарын комиссиямен тексеруді жүргізеді, оның нәтижелері бойынша олардың табиғи тозуын көрсете отырып және тұрғын үйді авариялық деп тану үшін негіздерді белгілей отырып, техникалық тексерулердің актілері жасалады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті ауқымдағы төтенше жағдай шенберінде жер участекелерін алып қояды және босатады;

4) қайта жаңарту аудандарын белгілейді, құрылышты жүзеге асыру үшін жер участекелерін бөледі;

5) магистралдық инженерлік жепілердің құрылышын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолда бар және кейін үекілетті ұйым коммуналдық тұрғын үй қорынан берген үлестер есебінен авариялық үй құрылыштарының иелерін тұрғын үймен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

Үекілетті ұйым (Астана қаласы әкімдігінің 100 % қатысуымен):

1) тұрғын үйлерді жобалайды және салады;

2) салынған тұрғын үйдің белгін нарықта сатады;

3) тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатудан түскен табыстарды қайта инвестициялау арқылы одан кейінгі құрылышты ұйымдастырады;

4) 2021 жылдан бастап бюджетке 40,0 млрд. теңге мөлшерінде қарыз қайтаруды қамтамасыз етеді.

Негізгі міндепті пилоттық жобада ұсынылған шараларды іске асыру болатын үекілетті ұйымның қызметі қалалық ортаны қайта жаңарту, тұрғын үйді бұзу, мемлекеттік тұрғын үй қорын салу мәселелерін кешенді шешуге мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаның шенберінде жобаны қайта қаржыландыру және қарыз қаражаттың бюджетке қайтару үшін жылжымайтын мүлік нарығында сату үшін жайлышты 3-4-сыныптағы тұрғын үй және элиталық және бизнес сыйныпты көңсे үй-жайлары мен паркингтері бар коммерциялық тұрғын үй салу көзделіп отыр.

Тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу құны 142 500 теңгегін құрайды.

Тұрғын үйдің 1 шаршы метрін сату құны шамамен 192 400 теңге деп көзделіп отыр, бұл орайда сату бағасы салынып жатқан тұрғын үйдің жайлышты дәрежесіне байланысты болады.

Астананың «ескі» кварталдарын қайта жаңартудың ұсынылып отырған тетігі тұрғын үй салу үшін бөлінген қаражатты қайтаруды қамтамасыз етүге мүмкіндік береді, құрылыш индустриясын дамытуға қарқын береді, жалпы тұрғын үй құрылышын дамытуда қуатты мультиплікативтік тиімділік береді. Осының бәрі, нәтижесінде, халықтың қалың жігін қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

Осы шаралар тұрғын үйді қолжетімді жасауға мүмкінді береді, қаланың сәулеттік келбетін жақсартады, астананың сол және он жағалауы арасындағы айырмашылықты азайтуға мүмкіндік береді.

Пилоттық жобаны іске асыру:

1) авариялық тұрғын үйді бұзу жөнінде іс-шараларды орындауды - 2017 жылдың аяғына қарай алаңы 150,0 мың шаршы метр 228 авариялық үйді бұзу және 3519 отбасының Астана қаласында жайлы жағдайда тұруын қамтамасыз ету жоспарланып отыр;

2) коммерциялық тұрғын үйді сатудан қаражатты қайта қаржыландыру арқылы авариялық тұрғын үйді бұзу және тұрғын үй салу жөніндегі жергілікті аткарушы органнан авариялық үй құрылыштарының иелерін көшіру үшін бюджеттік ауыртпашилықты алуды;

3) жобаның коммерциялық бағыты есебінен 2021 жылдан бастап бюджетке 40,0 млрд. теңге сомасында қарызыды қайтаруды;

4) кредиттік қаражатты қайтарғаннан кейін үекілетті ұйымның мемлекеттік тұрғын үй қорын 10 % мемлекеттік қорға, 90 % сатуға деген арақатынаста толтыру үшін тұрғын үй құрылышын салуды жалғастыруды;

5) астананың дәрежесіне сәйкес келетін сәулеттің қазіргі заманғы келбетін жасай отырып, астананың «ескі» кварталдарын кешенді қайта жаңартуды қамтамасыз етеді.

Пилоттық жобаны іске асыру тиімділігі:

1) есکі кварталдарың құрылыштарын кешенді қайта жаңартудың негізінде қаланың қалыптасқан бөлігінде сәулеттің қазіргі заманғы келбетін қалыптастыру;

2) халықтың қалың жігіне тұрғын үйдің қолжетімлігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылышын дамыту проблемаларын кешенді шешу;

3) астананың әлеуметтік әлсіз топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету;

4) кварталішілік аумақтарда жиі құрылыш салуды және тығыздықты жою;

5) тұрғындарға бұзылған тұрғын үйдің орнына алаңы бойынша барабар көлемде жана пәтерлер беру;

6) мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлерін салу;

7) тұрғын үйдің тенгерімді нарығын құру;

8) құрылыш индустриясының тиімді нарығын қалыптастыру;

9) Бағдарламаны іске асыру барысында объектілерді жобалау және салу спасына бақылауды қамтамасыз ету. Қала құрылышы нормаларын сақтау.

2. Маңғыстау облысы бойынша

Пилоттық жобаларда Ақтау және Жаңаөзен екі қаланың қатысуы көзделіп отыр.

Ақтау қаласында авариялық тұрғын үйді бұзу және одан азаматтарды көшіру Астана қаласы бойынша пилоттық жобаның пилоттық схемасын қолдана отырып, қалыптасқан жағдайда жергілікті ауқымдағы техногендік сиппатағы төтенше жағдай деп жіктей отырып, тұрғын үйді бұзу және үй орналасқан жер участесін реквизициялау тәртібінде жүргізіледі.

Ақтау қаласында тығыз кешенді құрылыш салынған және жаңа объектілерді салу үшін қаланың әкімдігі қажетті инфрақұрылым жоқ жаңа аумақты игеруге мәжбур.

Сонымен бірге, қалада 14 үй (224 пәтер) авариялық деп танылған және бір шағын ауданда орналасқан.

Үйлерді бұзу міндеттін шешу және қаражаттың кайтарылымын қамтамасыз ету үшін каржыландауды қажеттілігі 10 млрд. теңгені құрайды (2013 және 2014 жылдары жыл сайын 5 млрд. теңгеден).

Үйлері бұзылатын тұрғындар үшін және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын Ақтау қаласына көшіру үшін тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

ЖТК салу

Қазақстанда тұрғын үй құрылышының жалпы көлеміндегі негізгі үлесті (50 % - 60 % дейін) жеке тұрғын үй құрылышы (ЖТК) алады.

ЖТК-ны ынталандыру үшін мыналарды көздеу қажет:

1) үйлерді жаңа технологиялар бойынша тұрғызу үшін жергілікті құрылыш материалдарының өндірісін дамыту;

2) ак қабатты тұрғын үйлер салудың үлгі жобаларын тарату бойынша ЖАО-ның қызметін үйлемдастыру. Осы жобалар азаматтарға тегін берілуі тиіс;

3) ЖТК-ға арналған алаңдар бекітілген бас жоспарларға, егжей-тегжайлі жоспарлау жобаларына және елді мекендерде құрылыш салу қағидаларына сәйкес алаптармен бөлінуге тиіс;

4) ЖТК-ға бөлінген алаптар тұрғын үйлердің құрылышы басталғанға дейін инженерлік коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуге тиіс;

5) ЖАО азаматтарға жер участекелерін беру.

Тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу

Салынып жаткан тұрғын үйдің уақтылы пайдалануға берілуін қамтамасыз ететін негізгі фактор құрылыш салынатын аудандарда тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның жылумен, сумен, газбен және электрмен жабдықтаудың ішкі кварталдық инженерлік желілерінің, көріздің, инженерлік құрылыштардың, жолдар мен өтетін жерлердің болуы болып табылады.

Тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуды аула ішіндегі аумақтарды, ішкі кварталдық жолдар мен өтетін жерлерді абаңданыруды қоса алғанда, тұрғын үй құрылышы салынатын аудандарда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) сметалық құн бойынша жеке құрылыш салушылардан сатып алуға бөлінетін республикалық бюджеттің қаржаты есебінен жүзеге асыру үйғарылып отыр. Бұл ретте жеке құрылыш салушылар инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылышының сметалық құнды бойынша Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алуға тиіс.

Серіктес қалаларда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдар салу

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 **Жарлығымен** бекітілген Елді аумақтық-кеңістіктік дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасының басты мақсаты - елдің әрбір өнірінің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту мен тиімді пайдалану негізінде халықтың әл-ауқатының өсуін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау болып табылады. Еліміздің экономикалық әлеуетінің жартысы (47,2 %) төрт өнірде шоғырланған (Астана және Алматы қалаларында, Атырау және Қарағанды облыстарында). Өнірлер бөлінісінде көші-қонның оң сальдосы 2020 жылға қарай Астана (15,2 мың адам) және Алматы (13,4 мың адам) қалаларында көрініс табады. Болашакта Астана қаласы Қазақстанның ірі инновациялық және басқарушылық орталығы, іргелес облыстардың экономикалық белсенділігін топтастырган және елдің өзге аумақтары үшін «қозғаушы құшке» айналатын көшбасшы-қала ретінде қарастырылады. Алматы келешегінің әлеуеті оны бизнес жүргізуге, адамдардың өмір сүруі мен демалысы үшін орнықты инновациялық дамыған, озық технологиялар, қолайлы әлеуметтік және экологиялық ортасы қалыптасқан инфрақұрылымды қала ретінде орнын анықтауга мүмкіндік береді.

Қазақстанның агломерациялық процестерін талдау Қазақстанның аса ірі қалаларының айналасында агломерациялардың құрыла бастағанын көрсетеді. Сонымен қатар, осы үш агломерация орталықтары үшін, әсіресе, Алматы қаласы үшін, халық санының бақылаудан тыс өсуін шектеу және дамудың жаңа қағидаттарына ауысу туралы мәселе өзекті болып табылады: қолайлы өмір сүру ортасын құруга негізделген. Сондықтан тұрақты кеңістікте даму принциптеріне ауысу қажет: аумақтарын кеңейтудің орнына

қалалардың өсүі; орталық-қала мен оның экономикалық еңбекпен қамтылған өз алдына жеке орталықтарға айналатын кала маңы арасындағы функциялар мен мамандандының бөлінісі. Кала агломерацияларының артықшылықтарын пайдалануда олардың кала маңы аймактарын қалыптастыру мен дамыту процестері үлкен маңызға ие.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу жолдарының бірі Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан бастау алған Алматы және Астана қалаларының серіктес қалаларын дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды одан әрі іске асыру болып табылады.

Алматы қаласының «G4 City» серіктес қалаларын дамыту тұжырымдамасының негізінде адам саны 300 мыңдан асатын халқы бар төрт серіктес қала құру қажет. Жобаны аяқтау кезінде осында жетекші қазақстандық және шетел қлмпаниялары салатын 9 млн. шаршы метр тұрғын алаңдарын пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бірінші қала «Gate City» ұлттық және өнірлік деңгейдің іскер және қаржы орталығы ретінде болады, Алматы қаласының шегінен солтүстік бағытта халықаралық аэропорттан 8 километр қашықта орналасқан. Бұл аймақ көлік торабы және келешекте Алматы қаласы үшін жаңа қосалқы орталық болады. Екінші қала «Golden City» - мәдени ойын-сауық және білім беру орталығы. Үшінші қала «Growing City» логистика объектілері және ғылыми-өндірістік кешені бар ғылым және қазіргі заманғы технологиялары қаласы ретінде болады. Төртінші қала «Green City» - демалыс, ойын-сауық және туризм қаласы.

«Gate City» аумағында тұрғын үй құрылышына шетелдік инвестицияларды тарту максатында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін салуды қаржыландыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. 2020 жылға дейінгі кезеңде бюджеттік қарражатқа қажеттілік 120 млрд. теңгені құрайды. Қалған серіктес қалалардың инженерлік коммуникацияларын салуға шығындары айтарлықтай аз, себебі негізгі жабдықтау көздері (сумен, жылумен және энергиямен қамтамасыз ету, сондай-ақ тазарту құрылыштары) бірінші қалада шоғырланатын болады.

«Gate City» құрылышының бірінші кезегі бойынша негізінен жеке инвесторлардың есебінен 650 мың шаршы метр тұрғын үй алаңын пайдалануға беру көзделіп отыр.

Алматы облысының Талғар ауданында үйлесімді сәулет ансамблі, дамыған инфрақұрылымы мен адамның жайлы өмір сүруі үшін барлық қажетті жағдайларымен сапалы басқару жүйелері бар халықаралық стандарттың «Алтын Сай» серіктес қаласын салу (Күлжа трактысынан батысқа қарай Алматы қаласының Рысқұлов даңғылынан әуежайға баратын автомагистралды ортасында) жоспарланып отыр. Жалпы құрылым салынатын жалпы алаң 2 млн. шаршы метрді құрайды, оның жоспарланған тұрғын үй қоры - 1,3 млн. шаршы метрді құрайды. Тұракты тұратын халықтың саны 48,3 мың адамды құрайды. Жобаны іске асыру құны 230 млрд. теңге, бұл орайда инженерлік инфрақұрылымды салуға болжамды бюджеттік қаржыландыру сомасы 19,4 млрд. теңгені (8,4 %) құрайды, бұл Алматы қаласына жақын болғандықтан және қалалық магистралдық желілерге қосу мүмкіндігімен байланысты. 10 жыл ішінде 15 мың қазақстандық отбасыны жаңа тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Тұрғын үй салуға жеке инвесторлардың қарражаты, мемлекеттік кредиттер («КТҚЖБ» АҚ, «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ тұрғын үй қарыздары) тартылатын болады. Жеке тұрғын үй құрылышын дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады (котедждік тұрғын үй).

Бүгінгі танда Астана қаласының қарқынды дамуына байланысты астанаға жақын орналасқан Ақмола облысы аудандарының дамуына ерекше талаптар туындал жатыр. Ерекше қала құрылышын реттеу аймағында орналасқан Целиноград ауданы Косшы ауылының астана қаласына жақын орналасқандығы тұрғын үй құрылышы салу жағынан оны инвесторлар үшін тартымды етеді. Косшы ауылының жобалау саны 70 мың тұрғынды құрайды. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру қорытындылары бойынша Астаны қаласының серіктес қаласы ретінде Косшы ауылын дамыту жөніндегі жобаның шенберінде инженерлік инфрақұрылымның негізгі объектілерін салу аяқталды (казандық, трансформаторлық кіші станция, тазарту құрылыштары). Үш жыл ішінде (2013 - 2015) сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау желілерін және жол инфрақұрылымын салу жөніндегі жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр.

Косшы ауылын инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үлескерлердің қатысуымен салынып жатқан тұрғын үй кешендерінің құрылышын аяқтауға, жеке тұрғын үй құрылышын дамытуға, тұрғын үй құрылышына жеке құрылым салушыларды тартуға, тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауга мүмкіндік береді.

Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы бойынша тұрғын үй салу

Осы бағыт Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде тұрғын үй және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым салуды (сатып алуды) қөздейді.

Тұрғын үй құрылышы жүзеге асырылатын өнірлер және оған қажетті қарражат көлемдері осы Бағдарламаның операторы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша белгілейтін болады.

Республиканың 10 облысында жалға берілетін тұрғын үйді салуға 2011 жылы 11023,7 млн. теңге сомада кредиттік қаражат бөлінді. 2011 жылы жалпы алаңы 55,9 шаршы метр пәтер немесе 285 жеке тұрғын үй және 768 пәтер пайдалануга берілді.

2012 жылы жалға берілетін тұрғын үй салуға 8,9 млрд. теңге бөлу көзделіп отыр. Осы ақшаға 115,0 мың шаршы метр тұрғын үй салынатын болады.

2015 жылдан бастап Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасының шенберінде жыл сайын 165,0 шаршы метр жалға берілетін тұрғын салу жоспарланып отыр.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тұрғын үй салуы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1085 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйимдарын реттеу мен қадагалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл **жоспарына** (бұдан әрі - Бірлескен іс-қимыл жоспары) сәйкес жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөнінде шаралар көзделген.

Бұл үшін қордың жарғылық капиталына «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның жуз пайызы катысуымен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ (бұдан әрі - Жылжымайтын мүлік қоры) құрылды.

Жарғылық міндеттерге сәйкес Жылжымайтын мүлік қоры құрылышы аяқталған немесе салынып жатқан тұрғын үй объектілерінен тұрғын және тұрғын емес үй-жайлар сатып алады. Объектінің құрылышы аяқталып, Жылжымайтын мүлік қорына сатып алынған үлесіне меншік құқығы берілгеннен кейін «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Директорлар кенесі бекіткен «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайларды өткізу ережесіне (бұдан әрі - Ереже) сәйкес тұрғын және коммерциялық (тұрғын емес) үй-жайлар жалға, сатып алу құқығымен жалдауга және тікелей сатып алуға беріледі.

Осы Бағдарламаның шенберінде Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй объектілерін салу жөніндегі жобаларды, оның ішінде пилоттық жобаларды қаржыландыруды жүзеге асыратын болады.

Осы бағыт бойынша тұрғын үй құрылышын жүзеге асыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның меншікті қаражаты және Ұлттық қордың қаражаты болады.

Тұрғын үй объектілерін салу тетіктері:

1) Жеке құрылыш салушылардың (инвесторлардың) инвестициялық өтінімдері бойынша құрылышты ұйымдастыру.

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның ішкі рәсімдеріне сәйкес жеке құрылыш салушылар (инвесторлар) ұсынған тұрғын үй объектілерін салу жөніндегі жобаларға (бұдан әрі - жобалар) іріктеу жүргізіледі.

Жобалар мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) ауыртпалықтан бос, тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер участеклерінің болуы;

2) мемлекеттік сараптаманың қорытындысы бар жобалық-сметалық құжаттаманың болуы;

3) тұрғын үйдің жайлышық сыйныбы - «Тұрғын үй ғимараттары» ҚР ҚНЖЕ 3.02-43-2007 бойынша 3-сыйныпты жоғары емес. Жылжымайтын мүлік қорының бір пәтерінің жалпы ауданы 120 шаршы метрден және бір пәтерлі аз қабатты үйдің (коттедждің) жалпы ауданы 200 шаршы метрден аспауға, ҚР ҚНЖЕ талаптарына сәйкес коммерциялық үй-жайлар және машина орындары болуға тиіс. Тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін салудың базалық құны 2012 жылғы бағада Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалалары мен қала маңы аймақтарында 150 000 теңgedен, Қазақстан Республикасының басқа өнірлерінде - 120 000 теңgedен аспауы тиіс. Одан арғы жылдары тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін салу құны құрылыштағы баға индексінің өзгеруі ескеріле отырып, түзетілген болады;

4) құрылыш салушылардың (инвестордың) жобага ақша қаражатымен қатысу үлесі жер участексерін (кадастрыл құны бойынша) сатып алуға және ЖСК өзірлеуге жұмысған шығындарын қоса алғанда, жоба құнының кемінде 20 %-нан кем болмауга және объектінің құрылышы аяқталғанға дейінгі мерзімге тиісті кепілдікпен қамтамасыз етілуге не қаржыландырудың расталған көздері болуға тиіс.

5) бас мердігерде құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік лицензиясының және баска да рұқсат құжаттарының, өндірістік базасының, құрылышта кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

6) құрылыш салушыда кемінде 8 мың шаршы метр ғимарат салу тәжірибесінің болуы;

Іріктеу кезінде құрылыш салушының (инвестордың) қаржыландырудары үлесі көбірек болған жобаларға басымдық беріледі.

2. ЖАО-ның жер участекінде Жылжымайтын мүлік қорының жобаларды іске асыруы

ЖАО Жылжымайтын мүлік қорына тиісті инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер участеклерін берген жағдайда Жылжымайтын мүлік қоры осы кіші бөлімнің 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін тұрғын үй құрылышына арналған ЖСК өзірлеп, кейін осы

кіші бөлімнің 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін жобаларды іске асыруға қатыстыру үшін жеке құрылым салушыларды (инвесторларды) тартады.

Құрылым салушылардан (инвесторлардан) тиісті ұсныстар түспеген кезде Жылжымайтын мүлік қоры әзірленген ЖСҚ-қа сәйкес жобаны өз бетімен іске асырады, бұл жағдайда құрылым компаниялары жоба бойынша мердігерлер ретінде тартылады.

3. Жобаларды нысаналы депозит арқылы іске асыру

Құрылымы қаржыландыру үшін Жылжымайтын мүлік қоры нысаналы жедел банк салымдары туралы шарттар жасау арқылы екінші деңгейдегі банктерге нысаналы депозиттер орналастыруға құқылы, осыған сәйкес ЕДБ нысаналы салымның қаражаты есебінен тұрғын үй объектілерін салу үшін құрылым салушыларға кредит береді. Бұл ретте нысаналы депозит шартында нысаналы депозит сомасын өтєу есебінен Жылжымайтын мүлік қорының меншігіне объектілерді (үй-жайларды) өткізу көзделетін болады.

Нысаналы депозиттің сомасын өтєу есебінен Жылжымайтын мүлік қорының меншігіне берілетін тұрғын үй осы кіші бөлімнің 1-тармағы 6-абзацында көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Жылжымайтын мүлік қорының ЕДБ-ге нысаналы депозиттер орналастыру шарттары мен тәртібі Жылжымайтын мүлік қорының ішкі ережелеріне сәйкес регламенттелетін болады.

4. ЖАО жобаларды іске асыру үшін жер участекерін қажетті сыртқы инженерлік желілермен және сыртқы көше-жол инфрақұрылымымен қамтамасыз етеді.

5. Құрылым аяқталып, объектілер пайдалануға берілгеннен кейін үй-жайлар жобага қатысу үлесіне сәйкес бөлінеді.

Сонымен бірге, құрылым салушыға (инвесторға) Жылжымайтын мүлік қоры қаржыландырған коммерциялық үй-жайлар мен машина орындарын еркін бағамен, бірақ жалпы алаңының 50% аспайтындағы етіп өткізу құқығы берілуі мүмкін, бұл ретте Жылжымайтын мүлік қорына үй-жайдың құны және тиісті шарт жасалған кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген қайта қаржыландырудың колданыстағы ставкасымен кем болмайтын мөлшерде сыйакы төленеді.

Жылжымайтын мүлік қоры салынған инвестицияның сакталуы мен қайтарымдылығы қағидаттарын басшылыққа ала отырып, объекті құрылышының барысына тұрақты мониторингті жүзеге асырады.

6. Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын және коммерциялық үй-жайларын (машина орындарды) сатып алу құқығымен жалға беру және тікелей сату арқылы өткізуді Жылжымайтын мүлік қоры (Жылжымайтын мүлік қорының аффилиирленген компаниясы) оларға меншік құқығы ресімделгеннен кейін және Жылжымайтын мүлік қорының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді бөлу тұрғын үйі жоқ немесе тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мүктаж адамдарға басым құқық беру қағидаты сақтала отырып, жүргізіледі.

Жылжымайтын мүлік қоры (Жылжымайтын мүлік қорының аффилиирленген компаниясы) мен жалдаушының арасында сатып алу құқығымен жалдау шарты жасалады. Бұл ретте сатып алу құқығымен жалдау шартында жалдаушының жеке меншігіне үй-жайды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы көзделуі мүмкін.

Жеке тұлғалар өздерінін тұрғын үйді сатып алу, оның ішінде сатып алу құқығымен жалдау шартындағы құқығын бір реттен асырмай қолдана алады.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу құқығымен тұрғын үй-жайларды өткізуі 15 жылға дейін жүзеге асырылады. Жалдау ақысының мөлшері құрылымы қаржыландыруға бөлінген қаражаттың қайтарылу және Жылжымайтын мүлік қорының қаржылық тұрақтылық қағидаттары негізге алына отырып, анықталады. Пәтердің (үй-жайдың) жалпы алаңының 1 шаршы метрін тікелей сатудың базалық құны Жылжымайтын мүлік қоры өткізетін алғашқы жылы Астана, Алматы, Атырау, Ақтау қалаларында және қала маңы аймақтарында 180 000 теңgedен аспайды, Қазақстан Республикасының өнірлерінде 144 мың теңgedен аспайды. Одан арғы жылдары тікелей сатудың құны тұрғын үйдің (пәтердің) жалпы алаңының 1 шаршы метрін салу күнінің өзгеруі ескеріле отырып, нақтыланатын болады.

Жалдаушы сатып алу құқығымен тұрғын үйді жалдау шарты бойынша өзінің міндеттемелерін толық орындағаннан кейін Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй-жайды жалдаушының жеке меншігіне беретін болады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттырудың басқа бағыттары

Тұрғын үй қолжетмділік деңгейін арттыру және тұрғын үй құрылышының қөлемін ұлғайту үшін қосымша ынталандыру шараларын жасау жөніндегі жогарыда көрсетілген іс-шаралармен қоса ЖАО тұрғын үй проблемасын дербес шешетін азаматтардың бастамаларына жәрдем жасауы керек. Осы бағытта тәуекел деңгейі үлестік құрылышына қарағанда мейлінше төмен тұрғын үй құрылым кооперативтерін өздерін он жағынан танытты. Мемлекеттің меншігіндегі және жер пайдалануға берілмеген жер участекесін құрылым салушылығы үшін бөлу ТҚК құрудың міндетті шарты болуға тиіс. Бұл ретте құрылым салынатын участекеге ЖАО қажетті инженерлік желілер және коммуникациялар жүргізуге тиіс. ТҚҚ-тың меншігіне жер участекесін ресімдеу тұрғын үй пайдалануға берілгеннен кейін жүзеге асырылуға тиіс.

Жер ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы

Тұрғын үй құрылышына бөлінген, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер участекелерінің болуы тұрғын үйдің қолжетімділігін құрайтын элементтердің бірі болып табылады.

Осы мақсат үшін ЖАО:

- 1) жаппай құрыс салуға жарамды жер участекелеріне тексеру жүргізуге;
- 2) бекітілген бас жоспарларға, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына және елді мекендерде құрылыш салу қағидаларына сәйкес жаппай тұрғын үйлер салынатын басым аудандарды анықтауға;
- 3) жер участекелерін дайында бойынша алдын ала жұмыстар жүргізуге қамтамасыз етуге;
- 4) бос жер участекелерінің болуы туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуі;
- 5) құрылыш салушыға жер участекелерін кадастрлық құны бойынша беруге тиіс.

Құрылышка бөлінген алаптар тұрғын үйдердің құрылышы басталғанға дейін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуге тиіс.

Құрылыш индустриясын және индустриялық үй құрылышын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Құрылыш материалдарының өнеркәсібі экономиканың ірі құрамдас бөлігі болып табылады және құрылыш үшін материалдық негіз бола отырып қоғамның экономиканың басқа салаларының өсіміне және әлеуметтік жағдайға айтарлықтай әсер етеді.

Бүгінгі күні Қазақстанда саланың құрамына 592 қәсіпорын, оның ішінде 199 ірі, 393 орта және шағын қәсіпорындар кіреді. Барлығы Қазақстандағы құрылыш индустриясында 31,5 мың адам жұмыс істейді.

Құрылыш материалдары өнеркәсібі - бұл шамамен 20 дербес салаларды қамтитын кешенді сала, олардың көпшілігінің құрамында бірнеше өндірістер бар, бұл ретте әрбір сала жалпы құрылыш материалдары нарығының жиынтығын құрай отырып, ез нарығын қалыптастырады.

Құрылыш материалдары нарығының айрықша ерекшеліктерінің бірі нарықтың көпшілік қосалкы салалары үшін тұтынушылардың «бірлігі» болып табылады, бұл құрылыш үйлемдары. Құрылышта құрылыш материалдары өнімдерінің 75 - 80 %-дан астамы, 95 %-дан астам қабыргалық материалдар, 90 % құрылыш бетонынан жасалған бұйымдар, 85 % асбестцемент бұйымдар, 95 % жиналмалы темірбетон тұтынылады. Осы негізге ала отырып, құрылыш материалдарының негізгі түрлерінің нарығын дамытуға және құрылыш индустриясын дамытуға құрылыш индустриясының құрылыш көлемі мен дамуы әсер етеді, ал құрылыш көлемінің өзгеру серпінін ескере отырып, ол қалыптасады.

Осы саланың келесі айырмашылығы бірыңғай нарықтың және нарықтық кеңістіктің жеткіліксіз дамуы, өнірлерде құрылыш материалдарының жергілікті нарықтарының жұмыс істеуі, сондай-ақ шикізат шығару көздеріне байлаулы болғандықтан қәсіпорындардың біркелкі және аумақта тепе-тең орналаспағандығы болып табылады.

Құрылыш материалдары өнеркәсібінің негізгі өндірістік қуаттары республиканың шығыс, онтүстік және орталық облыстарында орналасқан. Тиісінше цемент және басқа құрылыш материалдары, бұйымдары мен конструкциялары бойынша негізгі зауыттар осы өнірлерде салынған. Жоғары тарифтер жағдайында аумақтық орналастырудың сәйкесіздік өнімдер мен шикізатты жеткізу бойынша үлкен қаржылық шығыстарды туғызады. Үлкен қашықтыққа жеткізу кезіндегі сату бағадағы көліктік шығыстардың үлестік салмағы 55 - 65 % дейін барады, бұл республиканың облыстары бойынша бағалардың айтарлықтай айырмашылығын туғызады. Енді бір маңызды фактор құрылыш материалдарына сұраныс маусымдықпен сипатталатындығы болып табылады.

Соңғы онжылдықта Батыс Қазақстанда мұнай-газ секторы озық даму қарқынын алды, Астана, Алматы қалаларында және Алматы облысы мен басқаларында тұрғын үй мен басқа азаматтық құрылыш көлемі күрт есті.

Тұрғын үй қолжетімділігі, біріншіден, сапалы, қымбат емес құрылыш материалдарын қолдану арқылы, екіншіден, жыл бойы құрылыш салу арқылы қамтамасыз етіледі. Құрылыш саласын базалық құрылыш материалдармен жаппай қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың өмір сүру қауіпсіздігінің, өрт қауіпсіздігінің және өзге нормалардың талаптарына сәйкес келуі мемлекеттік бағдарламаларды сәтті іске асырудың болінбейтін факторы болып табылады.

Осыған байланысты, ел Президентінің тапсырмасын орындау үшін «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шенберінде құрылыш объектілерін құрылыш материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерді шешу үшін Индустріаландыру картасының аясында жақын арада косымша жаңа өндірістік қуаттар ашылатын болады.

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асыру үшін Құрылыш индустриясын және құрылыш материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы түзетілетін болады, оның шенберінде құрылыш индустриясын дамыту жөнінде шаралар кешені әзірленеді, «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы, «Ақ бұлак» және ТКШ жаңғырту бағдарламалары бойынша, негізгі жол-құрылыш материалдары бойынша негізгі құрылыш жұмыстарының көлемдерін ескере отырып, құрылыш материалдарға

қажеттіліктің есебі жүргізіледі, сондай-ақ құрылымы саласын қажетті материалдармен қамтамасыз ету үшін косымша шаралар пысықталатын болады.

Құрылым индустриясын дамыту жөніндегі бағдарламада жиналмалы-қаңқалы үй құрылымымен коса тұрғын үй құрылымының мерзімдерін қысқарту және құнын төмендету мақсатында басымдық ретінде ірі панельді үй құрылымын дамыту көзделген.

Елімізде үй құрылымы комбинаттарын үйлімдастыру үшін шетелдік компаниялардың - индустриялы үй құрылымына арналған жинақты зауыттар мен жабдықтар тауар өндірушілердің тәжірибесі зерттелді.

Өнірлерде мемлекеттің қаражаты есебінен тұрғын үйлерді іске косу көлемдерін негізге ала отырып, «Коллежімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасының шеңберінде үй құрылымы комбинаттарының онтайлы саны, ете тиімді технология, өндірістің қуаты, қаржыландыру схемасы мен құрылымы, оның ішінде «Өнімділік 2020» бағдарламасының құралдары немесе ӘҚК-нің жарғылық капиталына кіру есебінен қаржыландыру белгіленетін болады.

6. Қажетті ресурстар

2012 - 2020 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттің қаражаты, даму институттарының қаражаты, сондай-ақ жеке меншік ішкі және шетелдік инвестициялар бағытталатын болады.

Республикалық бюджет есебінен қаржыландыру көлемі мемлекеттік кредиттік тұрғын үйді, кезекте тұрғандар мен жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үйлерді салуға, тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесін дамытуға, ҚТҚЖБ-ты және «ҚИК» АҚ-ты қорландыруға, авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберінде тұрғын үй салуға, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды, оның ішінде Астана және Алматы қалаларының серіктес калаларын дамыту және жайластыруға 1 951,453 млрд. теңгені, оның ішінде 2012 жылы - 146,2 млрд. теңгені, 2013 жылы - 197,9 млрд. теңгені, 2014 жылы - 250,75 млрд. теңгені, 2015 жылы - 232,963 млрд. теңгені 2016 жылы - 241,74 млрд. теңгені, 2017 жылы - 212,2 млрд. теңгені, 2018 жылы - 216,0 млрд. теңгені, 2019 жылы - 220,5 млрд. теңгені, 2020 жылы - 232,2 млрд. теңгені құрайды.

2012 - 2020 жылдарға арналған Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджеттің болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланатын болады.

Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

2012 - 2020 жылдары қаржыландырудың барлық көздері есебінен жалпы алаңы 69050,0 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беруге жоспарланып отыр, оның ішінде 2012 жылы - 6050,0 мың шаршы метр, 2013 жылы - 6600,0 мың шаршы метр, 2014 жылы - 6900,0 мың шаршы метр, 2015 жылы - 7200,0 мың шаршы метр, 2016 жылы - 7600,0 мың шаршы метр, 2017 жылы - 7700,0 мың шаршы метр, 2018 жылы - 8000,0 мың шаршы метр, 2019 жылы - 9000,0 мың шаршы метр, 2020 жылы - 10000,0 мың шаршы метр.

2012 - 2020 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген кредиттік қаражат есебінен мыналар салынады:

1) жергілікті атқарушы органдардың кредиттік тұрғын үй салуы, кейін оны тұрғын үй құрылымы жинақтары жүйесі арқылы сатуы - 2940,0 мың шаршы метр, оның ішінде 2012 жылы - 313,0 мың шаршы метр, 2013 жылы - 320,0 мың шаршы метр, 2014 - 2020 жылдары жыл сайын 330,0 мың шаршы метр;

2012 - 2020 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансфертер есебінен мыналар салынады:

2) жергілікті атқарушы органдардың кезекте тұрғандар үшін жалға берілетін (кредиттік) тұрғын үй салуы - 2286,4 мың шаршы метр, оның ішінде 2012 жылы - 136,4 мың шаршы метр, 2013 жылы - 225,0 мың шаршы метр, 2014 - 2020 жылдары жыл сайын 275,0 мың шаршы метр;

3) жергілікті атқарушы органдардың жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй салуы - 1510,0 мың шаршы метр, оның ішінде 2012 жылы - 155,0 мың шаршы метр, 2013 жылы - 155,0 мың шаршы метр, 2014 жылы - 155,0 мың шаршы метр, 2015 - 2020 жылдары жыл сайын 200,0 мың шаршы метр;

4) «ҚИК» АҚ-тың тұрғын үй қоры, халықта сатып алу құқығымен жалдау арқылы сатылады - 3125,0 мың шаршы метр, оның ішінде 2014 жылы - 210,0 мың шаршы метр, 2015 жылы - 250,0 мың шаршы метр, 2016 жылы - 545,0 мың шаршы метр, 2017 - 2020 жылдары жыл сайын 530,0 мың шаршы метр;

5) авариялық тұрғын үйлерді бұзу жөніндегі пилоттық жобалар шеңберінде тұрғын үй салу - 315,0 мың шаршы метр, оның ішінде 2013 жылы - 25,0 мың шаршы метр, 2014 жылы - 25,0 мың шаршы метр, 2015 жылы - 30,0 мың шаршы метр, 2016 жылы - 35,0 мың шаршы метр, 2017 - 2020 жылдары жыл сайын 50,0 мың шаршы метр.

«Самұрық-Қазына» АҚ-тың меншікті қаражаты және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен 2013 жылы - 60,0 мың шаршы метр, 2014 жылы - 90,0 мың шаршы метр, 2015 - 2020 жылдары - 150,0 мың шаршы метр тұрғын үй салынатын болады.

Күрьылыс материалдары өнеркәсібі, электротехникалық, металургия және химия өнеркәсібі өнімдерін, сондай-ақ жаңа түрғын үйді жайластыру бұйымдарын шығаруды арттыру есебінен сабактас салаларда мультиплективтік тиімділік күтілуде.

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Іс-шаралар жоспары осы Бағдарламаға **косымшада** көрсетілген.

«Колжетімді түрғын үй - 2020»
бағдарламасына қосымша

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

P/c №	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар	Болжанатын шығыстар, млрд. теңге*	Қаржыландыру көздері	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7
1	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түрғын үйді жобалауга, салуга және (немесе) сатып алуға кредиттер беру	2012-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	425,0 оның ішінде: 2012 жылы - 42,4 2013 жылы - 59,6 2014 жылы - 60,0 2015 жылы - 37,0 2016 жылы - 40,0 2017 жылы - 42,0 2018 жылы - 45,0 2019 жылы - 48,0 2020 жылы - 51,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
	оның ішінде:					
	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне түрғын үй күрьылыс жинақтары жүйесі арқылы түрғын үй салуга және (немесе) сатып алуға кредиттер беру	2012-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	375,0, оның ішінде: 2012 жылы - 42,4 2013 жылы - 34,6 2014 жылы - 35,0 2015 жылы - 37,0 2016 жылы - 40,0 2017 жылы - 42,0 2018 жылы - 45,0 2019 жылы - 48,0 2020 жылы - 51,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
	Облыстық бюджеттерге,	2012-2020	ҚТКША, Манғыстау	50,0, оның ішінде:	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат

	Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне авариялық тұрғын үй бұзылатын аудандарда тұрғын үй салуга кредиттер беру	жылдар 1-тоқсан	облысының, Астана қаласының әкімдіктері	2013 жылы - 25,0 2014 жылы - 25,0		
2	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй корының тұрғын үйін жобалауга, салуга және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансфертері	2012-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	473,6, оның ішінде: 2012 жылы - 34,6 2013 жылы - 40,0 2014 жылы - 45,0 2015 жылы - 50,0 2016 жылы - 54,0 2017 жылы - 57,0 2018 жылы - 60,0 2019 жылы - 64,0 2020 жылы - 69,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
оның ішінде:						
	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ЖАО-да кезекте тұрған азаматтар үшін мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй корының тұрғын үйін жобалауга, салуга және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансфертері	2012-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	263,6, оның ішінде: 2012 жылы - 19,6 2013 жылы - 25,0 2014 жылы - 25,0 2015 жылы - 27,0 2016 жылы - 30,0 2017 жылы - 31,0 2018 жылы - 33,0 2019 жылы - 35,0 2020 жылы - 38,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жас отбасылар үшін жалға берілетін тұрғын үй жобалауга, салуга және (немесе) сатып алуға	2012-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	210,0, оның ішінде: 2012 жылы - 15,0 2013 жылы - 15,0 2014 жылы - 20,0 2015 жылы - 23,0 2016 жылы - 24,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат

	берілетін нысаналы даму трансфертері			2017 жылды - 26,0 2018 жылды - 27,0 2019 жылды - 29,0 2020 жылды - 31,0		
3	Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауга, дамытуға, жайластыруға және (немесе) сатып алуға берілетін нысаналы даму трансфертері	2012-2020 жылдар 1-төксан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	843,9, оның ішінде: 2012 жылды - 57,0 2013 жылды - 62,3 2014 жылды - 104,2 2015 жылды - 102,9 2016 жылды - 103,5 2017 жылды - 103,5 2018 жылды - 103,5 2019 жылды - 103,5 2020 жылды - 103,5	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
	оның ішінде:					
	инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	2012 - 2020 жылдар 1-төксан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	811,0, оның ішінде: 2012 жылды - 51,0 2013 жылды - 60,0 2014 - 2020 жылдары жыл сайын 100,0	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
	Алматы және Астана қалаларының серіктес қалаларын дамыту	2012 - 2020 жылдар 1-төксан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	32,9, оның ішінде: 2012 жылды - 6,0 2013 жылды - 2,3 2014 жылды - 4,2 2015 жылды - 2,9 2016 жылды - 3,5 2017 жылды - 3,5 2018 жылды - 3,5 2019 жылды - 3,5 2020 жылды - 3,5	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
4	Жалға берілетін тұрғын үй салуды қамтамасыз ету	2012-2020 жылдар	ҚТКША, «ҚИК» ИҮ» АҚ	107,754, оның ішінде:	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат

	үшін «ҚИК» ИҰ» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту	1-тоқсан		2013 жылы - 25,0 2014 жылы - 26,250 2015 жылы - 27,563 2016 жылы - 28,941		
5	Алматы облысының бюджетіне (Алматы қаласының серіктес қалаларында) инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу үшін үекілетті үйимның жарғылық капиталын қалыптастыруға берілетін нысаналы даму трансфертері	2013-2020 жылдар 1-тоқсан	ҚТКША, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы	89,0, оның ішінде: 2013 жылы - 11,0 2014 жылы - 15,3 2015 жылы - 15,5 2016 жылы - 15,3 2017 жылы - 9,7 2018 жылы - 7,5 2019 жылы - 5,0 2020 жылы - 9,7	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
6	«Қазақстанның Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі» АҚ кредит беру	2012-2020 жылдар	ҚТКША, «Қазақстанның Тұрғын үй құрылышы жинақ банкі» АҚ	12,2, оның ішінде: 2012 жылы - 12,2	Респубикалық бюджет	ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге акпарат
7	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйді дамыту, жалға берілетін тұрғын үйдің құрылышын ынталандыру, тұрғын үй құрылышына инвестицияларды тарту, жалға берілетін тұрғын үйді қаржыландыру және ипотекалық ұйымдардың қызметін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу	2012 жылғы 4-тоқсан	ӘДСМ, Қаржымині, ҚТКША, ҚР ҰБ (келісімі бойынша), «ҚИК» ИҰ» АҚ	Талап етілмейді		Заң жобасының тұжырымдамасы
8	«ҚИК» ИҰ» АҚ-қа облигацияларды шыгару үшін	2015-2016 жылдар	ӘДСМ, Қаржымині, ҚТКША,			56,504 млрд.тенге, оның ішінде 2015

	мемлекеттік кепілдік беру		«ҚИК» ИҰ АҚ		жылы - 27,563 2016 жылы - 28,941 сомасына мемлекеттік кепілдік терді шығару
9	Тұрғын үй құрылышы үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер учаскелерін бөлу	2013-2020 жылдар	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы, ҚР Жер ресурстар агенттігі		Жарты жылда 1 рет ҚТКША-ға ақпарат
10	Тұрғын үйдің жоспарланған көлемін салу және пайдалануға беру	2012-2020 жылдар	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЖАО-сы, ҚТКША, «ҚИК» ИҰ АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ		ҚРУ-ге, ЭДСМ-ге ақпарат

* - Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар тиісті қаржы кезеңдеріне арналған республикалық бюджет туралы Занда нактыланады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 21 маусымдағы
№ 821 қаулысына
косымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қүші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысы.
2. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 1049 қаулысы.
3. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1524 қаулысы.
4. «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылышының 2011 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 329 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 мамырдағы № 672 қаулысы.